Алатау

Қоғамдық-саяси газет / Общественно-политическая газета

Газет 2000 жылдан шыға бастады

№ 2 (1057)

21.01.2022

alatau_offset@mail.ru
alatau.aqparat
alatau_gazeti

ӘЛЕУМЕТ

КӨМЕК КӨРСЕТУ ЖАЛҒАСУДА

«ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ АУМАҒЫНДА СОҢҒЫ УАҚЫТТА БОЛЫП ЖАТҚАН ЖАҒДАЙЛАРҒА БАЙЛАНЫСТЫ, ӘЛЕУМЕТТІК АЗ ҚАМТЫЛҒАН ОТБАСЫЛАР ЖӘНЕ БАСҚА ДА САНАТТАҒЫ АЗАМАТТАРҒА, СОНЫМЕН ҚАТАР БЛОК БЕКЕТТЕ ТҰРҒАН САРБАЗДАРҒА АЛМАТЫ ОБЛЫСЫНЫҢ ДЕПУТАТТАРЫ ӨЗ КӨМЕКТЕРІН КӨРСЕТУДЕ. БҰЛ ТУРАЛЫ АЛМАТЫ ОБЛЫСТЫҚ МӘСЛИХАТЫНЫҢ БАСПАСӨЗ ҚЫЗМЕТІ ХАБАРЛАДЫ.

Атап айтсақ, облыстық мәслихат депутаты Жанна Жазықпаеваның бастамасымен Қарасай ауданында 116 әскери қызметкерге ыстық тамақ әзірленді. Ал аудандық депутат Бекжан Сүнбеков ыстық тамақпен қатар, дәрумендер және басқа да қажетті заттармен қамтамасыз етті.

Сонымен қатар, облыстық мәслихат депутаты Бағдәулет Үстенов, Қапшағай қалалық мәслихаттың хатшысы Сәуле Нұрсолтанова және депутаттар Ерлан Қашағанов пен Ержан Бүркітбай қала ішінде, ал депутат А. Ефименко Заречный ауылдық округіндегі аз қамтылған отбасыларға азық-түлік тарату жөніндегі қайырымдылық акциясына қатысып, өздерінің қол ұшын созды. Осы бағытта Талдықорған қалалық мәслихат депутаты Аманжол Жазықбаев және өзге де депутаттардың бастамасымен төтенше жағдайда қойылған шектеулерге байланысты үйлерінен шыға алмай отырған ерекше күтімді қажет ететін азаматтарға азық-түлік себеттерін таратты. Азық-түлік көмектерімен қатар, облыстық мәслихат депутаттары С. Ақсубаев, З. Кузиев бастамасымен ереуіл кезінде зардап шеккен құқық қорғау органдарының 20 қызметкеріне «Жаркент Арасан» емдік-сауықтыру шипажайына тегін жолдама берілді. Елдегі төтенше жағдай кезеңіндегі игі бастамалар алдағы уақытта да жалғасын таппақ.

Жалпы, Жетісулық депутаттар 2021 жылы 140 миллион теңгеге жуық қаржыға бес мыңнан астам адамға көмек көрсеткен. Жергілікті депутаттар ең әуелі көмекке мұқтаж жандарға қол ұшын созған. Халық қалаулыларының бастамасымен 16 отбасы пәтер кілтін алса, тағы 50 тұрғынның баспанасын жөндеуге мұрындық болды.

ӨЗ ТІЛШІМІЗ

АНДАТПА

ЗДОРОВЬЕ 3-стр.

БЫЛО 145 ОПЕРАЦИЙ В ДЕНЬ

ЖУРНАЛИСТ КӨЗІМЕН 7-бет

«ҚАҢТАР ҚАСІРЕТІ» ТАЛДЫҚОРҒАНДА НЕ БОЛДЫ?

ӘҢГІМЕ 8-бет

РЫЦАРЬДЫҢ ӨЛІМІ (болған оқиға ізімен)

ЖЫР ДӘПТЕРІНЕН 13-бет

ӘЗІЛ-ШЫНЫ АРАЛАС

Қабанбай батыр көшесі, 32
Тел: 41-11-42, 41-11-70. Факс: 41-09-29.
E-mail: alatau_offset@mail.ru, www.alatau.kz@mail.ru

НЫСАН

ЖӨНДЕУ ЖҰМЫСТАРЫ ЖҮРГІЗІЛУДЕ



АЛМАТЫ ОБЛЫСЫНДА МЕМЛЕКЕТТІК ОРГАНДАР ҒИМАРАТТАРЫН ЖӨНДЕУ, ҚАЛПЫНА КЕЛТІРУ ЖҰМЫСТАРЫ ЖҮРГІЗІЛУДЕ.

Талдықорған қаласында барлығы 7 мемлекеттік нысанға зиян келтірілген болатын. Соның 2-еуі, яғни, аздаған залал келген І.Жансүгіров атындағы Мәдениет сарайы мен М.Тынышбаев атындағы тарихи-өлкетану музейі қалпына келтірілді. Бұл туралы Алматы облысы әкімінің баспасөз қызметі хабарлады.

Алматы облыстық қаржы басқармасының мәліметінше, қалған бес нысан бойынша техникалық сараптама жүргізіліп, дефект актілері мен алдын ала сметалық есептері жасалды. Осы бес ғимаратта бүгінгі күні қоқыс тазалау мен шығару жұмыстары аяқталып, инженерлік жүйелерге, витраждарға, қасбеттердің қаптамаларына демонтаж жасалды.

Жөндеу жұмыстарына 401 адам мен 12 бірлік техника тартылды. Аталған нысандардың ағымдағы және күрделі жөндеуіне шамамен 4,5 млрд. теңге қажет. Одан бөлек бүлінгендердің орнына сатып алынатын жиһаздар мен құрал-жабдықтар үшін, нысандардың терроризмнен қорғану талаптарына сәйкестігін қамтамасыз етуге де қаржы жұмсалады.

Шағын және орта бизнес нысандарына қатысты айтсақ, «Атамекен» ҰКП мәліметі бойынша 131 коммерциялық нысанға 8,9 млрд. теңгеге материалдық-мүліктік зиян келтірілген.

Алдын ала есептеулер бойынша жалпы келтірілген шығын көлемі 16,2 млрд. теңге.

«АЛАТАУ-АҚПАРАТ»

ӨҢІР ТЫНЫСЫ

Алматы облысында коронавирустық инфекцияның өсу қарқыны 0,6%-ға жетіп отыр. Ауру ең көп тіркелген аймақ, Алакөл, Жамбыл, Қарасай, Кербұлақ, Райымбек, Сарқан, Талғар және Кеген аудандары. Бұл туралы облыстық санитарлық-эпидемиологиялық бақылау департаментінің баспасөз қызметі мәлімдеді.

БІР ТӘУЛІКТЕ 40 БАЛАДАН КОРОНАВИРУС АНЫҚТАЛДЫ

Соңғы тәулікте өңірде 432 адамның індетке шалдыққаны тіркелді. Өкініштісі, соның ішінде 14 жасқа дейінгі 40 баладан аталған дерт анықталды. Сондай-ақ, 20 оқушы, 3 студент, 8 ұстаз бен күш құрылымдарының 4 қызметкері вирус жұқтырған.

Әлі де КВИ-ға қарсы екпе салу жұмыстары жалғасуда. 20 қаңтардағы жағдай бойынша Алматы облысында бірінші компонентпен 974 327 адам егілсе, екпенің екінші бөлігін 878 484 тұрғын салдырды. Сонымен қатар, 95 017 адам «Qaz Covid-in», «Sinopharm Vero Cell» вакцинасымен ревакцинация курсынан өтті және 1172-і «Пфайзер» компаниясының «Комирнати» вакцинасымен ревакцинацияланды.

ҚАЗА ТАПҚАН АЗАМАТТАР МЕН САРБАЗДАР ОТБАСЫНА КӨҢІЛ АЙТТЫ

Облыстық мәслихат хатшысы Ж.Жөргенбаев бастаған депутаттар Талдықорған қаласындағы лаңкестермен күрес барысында қаза болған облыстық полиция департаментінің полиция лейтенанты Барғанаев Дархан Ермекұлы және әділет прапорщигі Ержан Ербол Тілеубекұлының отбасына көңіл айтып, қаржылай көмектерін көрсетті. Бұл туралы Алматы облыстық мәслихатының баспасөз қызметі хабарлады.

Халық қалаулылары қаза тапқан марқұмдардың туысқандарына батырларымыз нағыз ерлік іс істеп, артынан қалған жары мен балаларына мемлекет тарапынан қолдау көрсетіліп, барлық қажетті көмектер көрсетілетінін атап өтті.

Жалпы өңір депутаттары, қаза тапқан басқа да азаматтардың үйлерінде болып, отбасыларына көңіл айтып, қолдау білдірді. Ел тұтастығы жолында батырлық танытқан азаматтарымыздың есімі ел есінде мәңгі сақталады.

«АЛАТАУ-АҚПАРАТ»

ОҚУ ОРНЫНДА

«МЕЙІРІМДІ ЖҮРЕК» СТУДЕНТТІК ҰЙЫМЫНЫҢ ІЗГІ ІСТЕРІ

ПРЕЗИДЕНТ ҚАСЫМ-ЖОМАРТ ТОҚАЕВ 2020 ЖЫЛДЫ «ВОЛОНТЕРЛАР ЖЫЛЫ» ДЕП РЕСМИ ТҮРДЕ БЕКІТКЕНІ БАРШАМЫЗҒА МӘЛІМ. ВОЛОНТЕРЛІК – ӘРБІР АДАМНЫҢ БЕЛСЕНДІЛІГІН АРТТЫРЫП ҚАНА ҚОЙМАЙ, ӨМІРЛІК ТӘЖІРИБЕЛЕРДІ ЖИНАҚТАУҒА, ӘЛЕМДІ БАСҚА ҚЫРЫНАН ТАНЫП, МОЛ САУАП ЖИНАП, БОС УАҚЫТТЫ ПАЙДАЛЫ ӘРІ ТИІМДІ ӨТКІЗУГЕ МҮМКІНДІК БЕРЕТІН БІРДЕН-БІР ЖОЛ.

Университет, колледж басшылығы, оқытушылары, студенттері ізгі істермен бұрыннан айналысып келеді. Сол істерді көпке үлгі болатын деңгейде ұйымдастырып, қайырымды істерді насихаттау арқылы жастарды жанашырлыққа, жауапкершілікке баулудың ізгі шаралары І. Жансүгіров атындағы Жетісу университетінің «Zhansugurov college» бастау алған. Колледж директоры педагогика ғылымдарының докторы, профессор Марат Мальтекбасовтың қолдауымен оқу орнында ерікті студенттерден, оқытушылардан және колледж белсенділерінен құралған «Мейірімді жүрек» атты студенттік ұйымы құрылып, жұмыстар жүргізіліп келеді.

Аталмыш ұйымның 2021-2022 оқу жылына арналған жоспары жасалып, бекітілген. Ұйымның мақсаты, міндеттері мен қағидалары қарастырылған. Осы ұйым аясында жүзеге асырылған алғашқы ісі мұқтаж отбасыларға материалдық көмек көрсетуге және қарттарға, қимыл-қозғалысы қиын жандар мен мүмкіндігі шектеулі азаматтарға күтім жасау, көңілін аулау, қажет заттарын әкеліп беру секілді көмек көрсетуге бағытталды. Ең бастысы, бұл істерді тұрақты әдетке айналдырық. Аталмыш жоспар мақсатына сәйкес «Мейірімді жүрек» ұйымы Ұлы Отан соғысы ардагерлеріне ерікті ретінде көмек көрсетті.

Колледж директорының тікелей қолдауымен қаламыздың тұрғыны, тыл еңбеккері Г.Локтюшкина және 2-топ мүгедегі Р. Жиенбекованың үйлеріне барып, гуманитарлық көмек көрсетіліп, студенттеріміз қарттарды қуантып қайтты. Сонымен қатар студенттер қарттар үйі мен балалар үйін де назардан тыс қалдырмай, қайырымдылық акциясын өткізу жоспарланған. Мұнымен қоса қараусыз қалған қарттардың үйлеріне барып тазалық жүргізу, күнделікті тұрмысына көмектесу, аурухана немесе емханаға алып барып, алып келу, жер үйде тұратындардың ауласын тазалау сынды жұмыстарға да қолұшын беріп келеді. Сондай-ақ, қоғамдық орындарда бұзылған белгілерді, ескерткіштерді, жергілікті билік орындарына жеткізу, қате жазылған атаулардың дұрысталуын қадағалау, көшедегі тазалыққа жауапты қызметкерлерге көмектесу секілді игі іс-шаралар да осы бағыттың еншісінде.

«Мейірімді жүрек» еріктілер ұйымының студенттері қаламыздағы «Айналайын» балалар үйінің тәрбиеленушілерін жаңа жылмен құттықтап, балаларды ойнатып, жаңа жылға арналған сыйлықтарын да тарту етті.

Волонтерлік жұмыс тәрбиелік бағыттарының бірі – студенттерді қоғамдық жұмыстарға белсенді жұмылдыру. Тәрбие бағытында колледждің тәрбие жұмысы жөніндегі директорының орынбасары Ақмарал Сәкенованың да үлесі зор деуге болады.

Қоғамға ең алдымен пайдалы адам керек. Қоғамды бір тірі организм деп алсақ, еріктілер сол ағзаға қан тамырлар сияқты жақсылық таратушы. Олар үшін жұмыс ауыр немесе жеңілге бөлінбейді. Өз істерін қара жұмыс деп те санамайды. Ерікті адам өз уақытын, ерік-жігерін, бар күшін сарп етіп, шын ықыласпен қызмет көрсетеді. Ал, олардың қызметін марапаттап, қолпаштап отыру, тиісінше құрмет көрсету жақсылыққа жақсылықпен жауап беру деп білемін.

Қаршыға УКЛИНОВА,
экономикалық пәндер оқытушысы,
экономика ғылымының магистрі.

МАМАН МІНБЕРІ

ГЕНДЕРЛІК ТЕҢДІК -ТҰРАҚТЫЛЫҚҚА ТІРЕК

ГЕНДЕРЛІК САЯСАТТЫ МЕМЛЕКЕТТІК САЯСАТТЫҢ НЕГІЗІ БАҒЫТЫ РЕТІНДЕ ЖҮЗЕГЕ АСЫРУ ЭКОНОМИКАНЫҢ, ӘЛЕУМЕТТІК САЛАНЫҢ ДАМУЫМЕН, ӘЙЕЛ МЕН ЕРДІҢ ТЕҢ ҚҰҚЫҒЫН КОНСТИТУЦИЯЛЫҚ ПРИНЦИПТЕРІМЕН ҚАМТАМАСЫЗ ЕТІЛГЕН.

Гендерлік компоненттердің қоғам өмірінің барлық саласына белсенді қатысуы гендерлік теңдікке қол жеткізуге үлкен мүмкіндіктер береді. Сондай-ақ, қоғам гендерлік саясатты тек қағаз жүзінде ғана емес, сонымен қатар, қоғамның өзімен қоғамдық ұйымдар, БАҚ арқылы жүзеге асыру тиіс екендігін түсіну қажет. Айта кету керек, әйелдер қай салада қызмет етпесін, өз беделімен бірге, сала жауапкершілігін арттырып, жұртшылық құрметіне бөленуде. Әрбір істің қиыншылығы мен қызығы, жетістігі мен жемісі болады десек, әйел қолы тимеген жұмыс жоқ. Мемлекет қайраткері, батыр, ел басқарушысы болған көрнекті әйел тұлғаларының есімдері белгілі. Бұл елімізде әйелдер қауымының гендерлық теңдікке біршама қол жеткізгенін білдіреді. Дегенмен, гендерлік теңдікке толықтай қол жеткізу үшін заңнамалық құжаттардың күші жеткіліксіз, өйткені бұған негізінен халықтың менталитеті мен дәстүрлі түсініктері де ықпал етеді.

Қазіргі таңда мемлекеттік қызметшілер әйелдерге қатысты кемсітудің барлық нысанын жою туралы конвенция ережелерін басшылыққа алып, жұмыс жасауда. Жұмыс барысында әйелдердің қандай да бір тыйым көрмей, өз қызметін ықыласпен атқаруына толықтай мүмкіншілік жасалған. Бұл да болса алдыңғы қатарлы елге ұмтылудағы ерекшеліктердің бірі. Өркениетті елімізді дамыту үшін әйел, ер деп бөлінбеуіміз керек.

Айгерім ТЛЕУҒАЖЫҚЫЗЫ,
Көксу аудандық сотының
бас маман сот мәжілісінің хатшысы.

Кабанбай батыр көшесі, 32
Тел: 41-11-42, 41-11-70. Факс: 41-09-29.
E-mail: alatau_offset@mail.ru, www.alatau.kz@mail.ru

ПРАВИТЕЛЬСТВО

ПРИНЯТО НОВОЕ РЕШЕНИЕ ПО СЖИЖЕННОМУ ГАЗУ

На заседании Межведомственной комиссии (МВК) по развитию нефтегазовой и энергетической отраслей под председательством премьер-министра Алихана Смаилова рассмотрен вопрос бесперебойного обеспечения внутреннего рынка сжиженным газом. Об этом сообщается на официальном сайте премьера.

«В рамках исполнения поручения главы государства Касым-Жомарта Кемелевича Токаева, принято решение о реализации сжиженного нефтяного газа (СНГ) вне электронной торговой площадки (ЭТП) — через План поставки на внутренний рынок, на основе заявок местных исполнительных органов», — говорится в тексте сообщения правительства.

Указывается, что в Правила формирования плана поставки сжиженного нефтяного газа на внутренний рынок РК внесены изменения, предусматривающие расширение списка субъектов, имеющих право на приобретение СНГ вне ЭТП — наряду с нефтегазохимическими предприятиями и групповыми резервуарными установками (для бытовых нужд), такое право получили автогазозаправочные станции, газосетевые организации, газонаполнительные пункты, газонаполнительные станции.

«Министерство энергетики уполномочено на распределение СНГ на внутреннем рынке вне ЭТП для указанных новых категорий субъектов. Акиматы регионов, где действуют более 150 субъектов оптовой и розничной реализации СНГ, уполномочены разработать свои механизмы распределения сжиженного нефтяного газа между такими субъектами», — пояснили в правительстве.

В пресс-службе премьер-министра сообщили, что в декабре 2021 года и январе 2022 года розничными реализаторами были выкуплены объемы сжиженного газа на ЭТП по оптовым рыночным ценам. 5 января текущего года, по данным правительства, установлены предельные цены на розничную реализацию сжиженного нефтяного газа (в зависимости от регионов — от 50 до 70 тенге за литр, в отдаленных районах — от 55 до 75 тенге за литр), а также снижена предельная оптовая цена с 38701 до 28000 тенге за тонну.

Напомним, 5 января Касым-Жомарт Токаев в ходе совещания по вопросам социально-экономической ситуации в стране поручил правительству на год перенести полный переход на реализацию сжиженного газа через электронные торговые площадки и биржи.

«В этот период следует тщательно подготовить нормативно-правовую базу, обеспечить прозрачную работу торговых площадок, внедрить механизмы ограничения резкого роста цен», — указал президент. Чуть позже это поручение обсудили в правительстве.

ОБРАЗОВАНИЕ

В МИНИСТЕРСТВЕ ОБРАЗОВАНИЯ И НАУКИ РАССКАЗАЛИ, КАК БУДУТ УЧИТЬСЯ ШКОЛЬНИКИ, ПЕРЕДАЕТ КОРРЕСПОНДЕНТ TENGRINEWS.KZ.

КАК БУДУТ УЧИТЬСЯ

КАЗАХСТАНСКИЕ ШКОЛЬНИКИ И СТУДЕНТЫ

Как сообщила на брифинге СЦК председатель Комитета дошкольного и среднего образования МОН Гульмира Каримова, третья четверть продлится до 18 марта включительно. Обучение будет проводиться в разных форматах.

«В целом позиция Министерства образования и науки, учитывая всемирную практику и приоритет образования: наши школы должны открываться первыми и закрываться последними», — сказала Гульмира Каримова.

В Алматы, Шымкенте и Нур-Султане обучение будет проводиться в дистанционном формате.

«Завершается раздача технических средств. В остальных городах, где количество обучающихся более 600, обучение также будет проводиться в дистанционном формате. Кроме того, в этих школах учащиеся 1−2-х классов будут обучаться в штатном режиме, учитывая их возрастные особенности. Мы все понимаем, что учащиеся 6−7 лет первых и вторых классов не настолько самостоятельные, что могут включать компьютер, платформу самостоятельно, чтобы качественно получить образование, которое непосредственно будет вестись. Для учащихся 3−5-х классов принято решение, что будут заниматься в дежурных группах. Оставшиеся обучающиеся будут проходить обучение в дистанционном формате. Для тех школ, где контингент менее 600 учащихся, обучение пройдет в штатном режиме. Для всех сельских школ обучение пройдет в штатном режиме», — сообщила представитель МОН.

Дополнение: позже в пресс-службе МОН уточнили, что старт дистанционного обучения не означает, что школьники будут обучаться в онлайн-режиме всю третью четверть.

«В случае улучшения эпидситуации санврачами может быть принято решение о переводе на офлайн-обучение», — заявили в министерстве.

Весенний семестр в вузах страны начнется с 24 января 2022 года. При этом вузы могут использовать каскадный метод. То есть для минимизации скопления студентов начало обучения может быть организовано в поэтапном режиме в период с 24 января по 6 февраля в зависимости от курса обучения/направлений подготовки. К примеру, если обучение для студентов первого курса начнется 24 января, то для второго курса — 31 января, а для третьих и четвертых курсов — 7 февраля. *«Обучение в весеннем семестре будет в традиционном/смешанном формате. А именно, по решению вуза образовательный процесс может быть полностью организован в традиционном формате либо смешанном формате, то есть лекции будут проводиться онлайн, а практические и семинарские/лабораторные занятия — офлайн. Практика обучающихся также будет проводиться на базе практик в офлайн-режиме. При этом в случае нестабильной эпидемиологической ситуации в регионе в срок до 7 февраля (или иные сроки по решению главного санитарного врача соответствующего региона) вузы могут начать обучение в онлайн-режиме и после перейти на традиционный/смешанный формат обучения. Также по согласованию с министерством допускается организация образовательного процесса в онлайн-формате для обучающихся первого курса»*, — сообщила Гульмира Каримова.

ЗДОРОВЬЕ

БЫЛО 145 ОПЕРАЦИЙ В ДЕНЬ

Врачи центральной городской клинической больницы рассказали, как работали в дни беспорядков в Алматы, передает корреспондент МИА «Казинформ».

«Основной наплыв пациентов был 5 января. В этот день зарегистрировано наибольшее количество пострадавших с различными травмами, свыше 190 обращений. Многие пациенты получили тяжелые травмы головы и грудной клетки. Но мы справились. Все сотрудники вышли на работу, понимая, что их помощь будет необходима. Часть пациентов после оказанной экстренной медицинской помощи отправили домой на амбулаторное лечение, тех кто нуждался в госпитализации - госпитализировали.

В эти дни работали 9 дежурных бригад. Персонал работал круглосуточно. В экстренной операционной приемного отделения работало 6-7 бригад, одна за другой проводили операции. В этот день было проведено 145 операций. В последний раз такое огромное количество пациентов было, когда разбился самолет. Но по сравнению с тем днем, в эти дни у нас у всех был страх, были слышны выстрелы, поступали агрессивные пациенты, сопровождающие лица», - рассказал заведующий приемным отделением центральной городской клинической больницы Алматы Даулет Чукманов.

Заведующий отделением ортопедии Канат Тауекелов вспомнил, что в этот день он с коллегами провел 12 операций по своему профилю. Были пациенты с различными переломами. *«Накладывали аппараты внешней фиксации, аппарат Иллизарова на переломы костей. Было тяжело, многие пациенты были с атипичными повреждениями, с большими дефектами костной ткани. Мягкие ткани были загрязнённые, проводилась хирургическая обработка ран. В этот день мы вызвали на работу всех сотрудников, у которых был выходной»*, - сообщил Канат Тауекелов.

На сегодняшний день клиника продолжает работать в режиме 24/7, оказывает плановую и экстренную медицинскую помощь населению города Алматы. Пострадавших в дни массовых беспорядков в городе медицинских сотрудников больницы не было, здание больницы также не пострадало. Ранее врачи больницы скорой неотложной помощи Алматы рассказали, как работали во время беспорядков.

ЦЕНООБРАЗОВАНИЯ

ЖАЛУЮТСЯ НА РОСТ ЦЕН В «МАГАЗИНАХ У ДОМА»

Об этом сообщили в Агентстве по защите и развитию конкуренции.

С 8 по 14 января 2022 года по телефонам «горячей линии» принято 1 800 обращений граждан относительно завышения цен на социально значимые продукты, автогаз, бензин, дизельное топливо, услуги служб и агрегаторов такси. Об этом со ссылкой на пресс-службу Агентства по защите и развитию конкуренции сообщает корреспондент центра деловой информации Kapital.kz.

Около 50% звонков поступило от жителей Алматы, 30% — из Нур-Султана, 20% — из остальных регионов.

Основной характер жалоб — резкое и необоснованное повышение цен на продукты питания, в подавляющем большинстве — в «магазинах у дома».

«Продолжают поступать жалобы на недобросовестность продавцов (стоимость товара на ценниках не соответствует ценам в чеках). Три жалобы зафиксированы на повышение цен и навязывание условий реализации продукции производителями продуктов питания (Алматинская область, Алматы). Также поступают жалобы по повышению цен на баллонный, товарный газ, бензин, уголь, неснижение розничных цен на бензин, газ (Нур-Султан, ВКО, Туркестанская, Алматинская, Кызылординская области)», — говорится в сообщении агентства.

Отмечается, что все поступающие жалобы внимательно изучаются для принятия необходимых мер.

«Жалобы на повышение цен на продукты питания в “магазинах у дома” передаются в местные исполнительные органы, на бензин и дизтопливо — в Комитет по регулированию естественных монополий МНЭ РК. Другие жалобы, не относящиеся к компетенции агентства, передаются в уполномоченные органы», — пояснили в АЗРК.

СОЦИАЛЬНЫЕ ГАРАНТИИ

СЕМЬИ ПОГИБШИХ ПОЛИЦЕЙСКИХ НЕ ОСТАНУТСЯ БЕЗ ВНИМАНИЯ

О СОЦИАЛЬНЫХ ГАРАНТИЯХ ДЛЯ СЕМЕЙ ПОГИБШИХ ПОЛИЦЕЙСКИХ РАССКАЗАЛИ В МВД, ПЕРЕДАЕТ BAIGENEWS.KZ СО ССЫЛКОЙ НА POLISIA.KZ.

В январе 2022 года в результате вооруженных столкновений с преступными элементами погибли восемь сотрудников органов внутренних дел и военнослужащих Национальной гвардии.

«Эта невосполнимая утрата для их семей и каждого сотрудника министерства внутренних дел. Их имена навсегда включены в летопись героев и золотой нитью внесены в трагическую историю правоохранительного органа Республики Казахстан. Они навсегда останутся в наших сердцах и памяти. Ни одна семья и дети погибших при исполнении своего служебного долга сотрудников не остается без нашего внимания», — отметили в ведомстве.

В частности, каждый из восьми погибших сотрудников, которые до последнего были верны долгу и Присяге, Президентом посмертно награжден государственной наградой.

«Статьей 66 Закона Республики Казахстан “О правоохранительной службе” предусмотрены социальные гарантии семьям погибших сотрудников. В частности, семье погибшего при исполнении служебных обязанностей производится выплата единовременной компенсации в размере 60-месячного денежного содержания», — сообщили в МВД.

За детьми сотрудника, до достижения ими совершеннолетия, сохраняется право на медицинское и санаторно-курортное обслуживание в установленном правительством порядке.

Дети сотрудников, погибших при исполнении служебных обязанностей, пользуются правом зачисления в военные школы-интернаты и кадетские корпуса вне конкурса. Набравшие пороговый уровень баллов по установленным для поступающих требованиям зачисляются в организации образования правоохранительного органа вне конкурса.

Более того, руководством МВД с министерством образования и науки, а также местными исполнительными органами прорабатывается вопрос по ряду льгот в образовательном процессе и жилищным выплатам.

ПОСЛЕДСТВИЯ ПОГРОМОВ

ПРЕДВАРИТЕЛЬНАЯ СУММА УЩЕРБА АЛМАТЫ



Заместитель акима Алматы Ильяс Усеров на заседании штаба по восстановлению жизнеобеспечения города озвучил предварительный размер ущерба, причиненного бизнесу и городу в ходе массовых беспорядков в начале января, передает корреспондент NUR.KZ.

Ильяс Усеров сообщил, что к этому часу сформированы городские и районные комиссии по оценке причиненного ущерба в ходе массовых беспорядков в начале января.

«Предварительные данные на сегодня: общая сумма ущерба составила порядка 112,6 млрд тенге. Из них по субъектам бизнеса — 67 млрд, в том числе 42 млрд тенге приходится на малый и средний бизнес. Данные цифры мы сейчас уточняем, идет перепроверка данных. Среди МСБ больше всего пострадали в городе непродовольственные магазины — по ним сумма ущерба оставила почти 21 млрд тенге, продовольственные магазины — 5,7 млрд тенге, оружейные магазины — 6,4 млрд тенге, ломбарды — 2,9 млрд тенге, объекты общепита — 1,8 млрд тенге. Что касается крупного бизнеса — ущерб составил около 25 млрд тенге», — сообщил он.

По материально-технической базе госорганов, по его данным, предварительный ущерб составляет 16,7 млрд тенге. Большая часть ущерба приходится на техническое оборудование и вооружение департамента полиции — 16 млрд тенге. Далее следуют ДЧС и аппарат акима.

«Что касается системы видеомониторинга “Сергек”, то по ним предварительный ущерб составил 250 млн тенге. По транспортным средствам госорганов и частных лиц ущерб составил почти 2 млрд тенге. Компенсация пострадавшим сотрудникам — 600 млн тенге. Наибольший урон пришелся на Алмалинский район — 20 млрд тенге, ущерб по Ауэзовскому и Бостандыкскому районом ущерб составляет 20 и 17 млрд тенге соответственно. Меньше всего беспорядки затронули Наурызбайский район», — резюмировал спикер.

Ранее в комендатуре Алматы сообщили, что после беспорядков в южной столице было задержано больше 2,6 тыс. человек. Вчера глава департамента полиции Алматы сообщил, что в результате беспорядков в Алматы погибли 160 человек, 11 из них — сотрудники правоохранительных органов.

Алатау
Қабанбай батыр көшесі, 32
Тел: 41-11-42, 41-11-70. Факс: 41-09-29.
E-mail: alatau_offset@mail.ru, www.alatau.kz@mail.ru

ТҮЙТКІЛ

«АШЫНҒАН ҚЫРАН НЕ АҢДЫ АЛАДЫ, НЕ АҢШЫНЫҢ ӨЗІН АЛАДЫ»

Осы аталы сөзді жазушы, қоғам қайраткері, марқұм Шерхан Мұртаза Елбасының қабылдауында болғанда айтып еді. Жанарынан от шашып, оқты көздерімен қадалып, Елбасыға халықты қалтарыста қалдырмауды ескерткен. «Өзін-өзі үш рет атты» деген марқұм Заманбек Нұрқаділов: «Елбасының ең жақын серігі ретінде, оған күйеу балалары мен қыздарын билікке жолатпау туралы айттым, хат та жаздым» деген еді. Сын айтса, шын айтатын, мінесе мірдің оғындай қадалатын тау тұлғалы азамат ақиқат айтамын деп ажал құшты.

Отыз жыл Елбасының маңайында жүрген саясаткерлердің көпшілігі және зиялы қауым өкілдері Назарбаевты мадақтаумен болды. Ара-тұра Дулат Исабеков пен Сұмағұл Елубаев Президентке айтылуы тиіс елдік мәселелерді бұғып қалмай, айтып жүрді. Мемлекет басшысына ода жазып, мақтаудан аса алмаған зиялыларымыз қаңтардағы қанды қырғында ереуілге шыққан елге тоқтау айтуға жарамады. 1916-шы жылғы Ұлт азаттық көтерілісінде «бала өлгенше, шал өлсін» деп басын оққа байлаған Ұзақ батыр бастаған ақсақалдардың сарқыны да қалмапты. Амал нешік!... Қан төгіліп, ереуіл басылып, бүлікшілер мен арандатушылар тұтылғанда, алты ай ұйықтап, апанынан шыққан аюдай, көздерін тырналап ашып, жарыса үн қатып жатыр. Батыстан басталған бейбіт ереуіл неге қанды қырғынға ұласты? Бар гәп осында. «Асқынған ауру, алмай қоймайды» дегенді үкімет ертерек ескермеді. Керісінше «құм жиналып тау болмас» деген ұстаныммен аландағы елдің назын елемеді. Тіпті, 2011 жылы желтоқсанда Маңғыстау мұнайшылары айлап алаңда жатып, қарсылық білдіргенде, сыздаған жараның соқтасын шығарып, емдеудің орнына, билік қару қолданып атты, үркітті, қуғын-сүргінге салды, соттады. Бұл әрекет бейбіт халықтың ішіне шемен болып қатты. Бойларына жиналған кек, сыздауықтай сыздады. Нарықтық жүйені сылтауратқан олигархтар, ат төбеліндей бай-манаптар, қымбатшылықты қолдан жасады. Қарапайым халықпен санаспады. Буырқанған ереуіл тағыда батыстан басталды. Оның жалыны жалпы республиканы шарпыды.

Бейбіт шерудің арасына бүлікшілер, арандатушылар кірді. Елде мемлекеттік төңкеріс болуға шақ қалды. Бейбіт күнде, берекеміз қашып, қан төгілді. Отан отқа орана жаздады. Қарапайым тұрғындар оққа ұшты. 1986 – барыс жылғы көтеріліс араға 36 жыл салып 2022-нің барысында қайталанды.

Әлемге мәшһүр ел болдық па, Мәшһүр айтқан ел болдық па?

Отыз жыл елді ертегіге сендіріп келген билік теңіз толқыса көбіктің жағаға шығатынын өздері де сезбей қалды. «Жел соқпаса, шөптің басы қимылдамайды» демекші, ел ішінде, кландар арасындағы саяси тартыс, бақталас пен тақ таласы жайлы «гу-гу» әңгіме қамысқа тиген өрттей қаулады. Интернет желісінде сопылардың соңғы ұрпағы Мәшһүр Жүсіптің (1858-1931) қайтыс болардан он жыл бұрын жасаған болжамдары жарияланды. Онда, Мәшһүр Жүсіп 1921 жылы туыстарын жинап, бір жерді көрсетіп, «менің мазарым осы жерде болсын» депті. «*Жетпіс үшке шыққанша балталасаң да өлмеймін. Жетпіс үштен асқанда балғамен ұрсаң да тұрмаймын. Мен өлген соң қатты әлсірейсіңдер. Ас беру, жаназа намазымды оқытпақ түгілі, бақа-шаян теріп кетесіңдер»* – деп 1931 жылы басталған ашаршылықты күні-бұрын болжаған. Жұт келетінін, қалың қазақтың қырылатынын, аман қалғандар жетпіс жыл құдайсыз өмір сүретінін, одан кейін, отыз жыл ұры-қарылар ел билейтін кез болатынын айтқан. Осының бәрінен өткен соң ғана, қазаққа қой үстіне бозторғай жұмыртқалайтын заман болатынын болжапты, мыс.

Жемқорлық жайлаған ел

Жаңаөзендегі жанкешті халықтың бейбіт шеруі, республиканың өзге өңірлерінде де бейбіт түрде басталған. Дауылдың алдын алып, шерушілерді диалогқа шақырып, арнайы комиссия құрып, олардың талап-тілегін Президент Қасым-Жомарт Тоқаев орындаған болатын. Алайда, Алматыда жалғасқан ереуілге тұтқиылдан кірісken арам пиғылды арандатушылар, кірмелер, лаңкестер, бейбіт шеруді қанды қырғынға ұластырды. Ғимараттар мен мемлекеттік органдарға, күштік құрылымдарға, банкоматтарға қырғидай тиді. Атты, шапты, өртеді. Жолында кездескенді шөптей жапырды. Бұл қырғын республиканың Қызылорда, Жамбыл, Шығыс Қазақстан, Алматы облыстарымен, Шымкент, Алматы қаласында өршіді. «Жау жоқ деме жар астында, бөрі жоқ деме бөрік астында» дегеннің кері келді. Іле-шала мемлекеттік төңкеріс жасамақ болғандар әшкереленді.

Отанға опасыздық жасаған, Елбасының оң қолы болған, Ұлттық қауіпсіздік Комитетінің төрағасы Кәрім Мәсімов орынбасарларымен бірге тұтқынға алынды. Атам қазақ мұңдайды «сенген қойым сен болсаң, күйсеген аузыңды ұрайын» дейді. Енді сәл шегініс жасайын. Елбасы осы Мәсімовты жер көкке сыйғызбай мақтап, «көп тіл біледі өзі қазақ» деп майлы жіліктің басын ұстатқан. Оның ұйғыр (бұл жерде ұлтты кемсітіп отырған жоқпын) ұлтының азаматы екенін елдің бәрі білсе де, төлқұжатын қазақтандырған да Елбасының өзі еді. «Екі сөйлеген ерден без» дегенді ата-бабаларымыз тектентек айтпапты. Ақордадағы бір жиында Кәрім даданың Елбасыға «Мен сізге адал қызмет етемін» деп уәде бергені бар. Күліп тұрып, күйдіріп жіберетін «мұрты мырза» Елбасының: «Тоқаевтың маңайына топтасыңдар» деген сөзін өрескел бұзып, мемлекеттік төңкеріс жасай жаздады. Оған нақты дәлел, бейбіт ереуілге шыққандарды арандатқан террористердің елге емін еркін кіруі. Жер көлемі жағынан әлемде тоғызыншы орында тұрған Қазақстанға бес Франция сыйып кететінін ғалымдар да, экономистер де айтып жүр. Асты үсті, қазба байлыққа толы қазынаны қара халыққа теңдей бөліп берсе, патша әділ болса елде ереуіл де, төңкеріс те болмас еді. Керісінше, бүгін тұсауы кесіліп ашылған зауыттар ертесі жабылып жатты. Ірі жобалардың бәрінің артында жемсауы бір толмаған жемқорлар тұрды. Бір ғана «Қорғас» кедені мен «Самұрық-Қазына» АҚ төңірегіндегі былыққа қатысты Президент Қасым-Жомарт Тоқаев шынайы шындықты айтты. Жемқорлық жайлаған елде қыл аяғы білім және денсаулық салалары да былыққа белшеден батты. Жоғары эшалоннан бастап жергілікті әкім қаралар ел мүддесін ысырып қойып, баспана, жол, ауыз су, ауыл шаруашылығына бөлінген субсидияларды жырымдап, тендер ойнатып, «шапкісін» алып отырды. Ол аз дегендей жер телімдерін тамыртаныстарына бөліп беріп, саудаға салды. Баспанаға зарыққандар, әлеуметтік жағдайы төмендер әкімдіктің табалдырығын тоздырды. «Бағып-қаға алмасаңдар неге туасыңдар?» деп дөң айбат көрсеткен әкімдердің де әкіреңдегенін көрдік. Елордада бес сәби отқа оранғанда республика бойынша әйелдер ереуілге шықты. Айта берсең отыз жылдың ішінде биліктен жүректері шайлыққан халық қаһарына мінді. «Құланның қашуына мылтықтың шүріппесін басу дәл келді» дегендей, түбі бір үлкен толқыныстың боларын сезіп, ел іргесін шайқап жіберуге тас-түйін дайындалған опасыздар арман-мақсаттарын жүзеге асыра жаздады. Құдай сақтап, Президент Қасым-Жомарт Кемелұлы Отанға опасыздық жасағандардың алдын алып, жолын кесті. Алайда, бейбіт ереуіл дегеніміз, бей-берекеттікке, басыншылыққа, басбұзарлыққа, тонауға ұласты, қан төгілді.

20 000 террорист қайда?

Қаңтар айының 3-8 аралығында болған тәртіпсіздік салдарынан бас прокуратураның қылмыстық құдалау қызметінің бастығы Серік Шалабаевтың орталық коммуникациялар қызметінде өткен брифингте берген мәліметі бойынша 225 адам қаза тапқан. Бұл әлі нақты сан емес. Жалпы 4578 адам зардап шегіп, 4353-і жарақат алса, оның ішінде 3393-і құқық қорғау органдарының қызметкерлері. ТЖ кезінде 225 адам мәйітханаға жеткізілген. Олардың бір бөлігі – терактілерге қатысқан, ғимараттар мен құқық қорғау қызметкерлеріне шабуыл жасаған қарулы бандиттер. «Қаза болғандардың ішінде 19 полиция қызметкері және әскери қызметкерлер де бар», – деді С.Шалабаев. Алдын-ала деректер екенін ескертіп, қанша адамның үстінен қылмыстық іс қозғалғанын айтып өтті. Осы уақытқа дейін тергеу топтары 546 қылмыстық істі тергеуде, оның ішінде 44-і терроризм актілері, 34-і жаппай тәртіпсіздік, 15-і адам өлтіру фактісі бойынша қозғалған. Уақытша ұстау изоляторына қылмыс жасады деген күдікпен 672 адам қамалды. Оның 446-сы соттың санкциясымен қамауға алынды. Құжаттарды тексергеннен кейін және ұстауға негіз болмағандықтан, прокуратура органдары 100-ден астам азаматты босатты. Қазіргі уақытта қажетті тергеу амалдары жүргізіліп жатқанын мәлімдеді.

Алатау
Қабанбай батыр көшесі, 32
Тел: 41-11-42, 41-11-70. Факс: 41-09-29.
E-mail: alatau_offset@mail.ru, www.alatau.kz@mail.ru

ТҮЙТКІЛ

Қираған ғимараттар, сауда үйлері, әкімдіктер, телеарналар біртіндеп тазартылып, бейбіт өмір қайта қалыптаса бастады. Ел ішінде елді үрейде ұстаған 20 000 террорист қайда деген сауал туындай бастады.

«Күрішті күрмектен айырып алумыз керек» деген жазушы Дулат Исабеков арандатушылардың жетегіне еріп кеткендер жазасын алсын, бірақ, құқық қорғау органдары асыра сілтеп солардан да «террорист» жасап жібермесіне кім кепіл болады. 20 000 террорист дегенің бір гвардия полк қой, сонда біздің қауіпсіздік комитеті қайда қарап отырған?» – дейді. Сауал орынды, жауап билік жақтан болуы керек.

Әкімдерге халық сенбейді

Отыз жыл ертегіге елтіп келген халық жоғарғы биліктен бастап жергілікті билік өкілдеріне сенуден қалған. Бар гәп, олардың ұдайы халыққа өтірік айтып, тіпті қабылдауға келгендерінің өзін алдап-сулап арқадан қағып шығарып салуды әдетке айналдырғаны. Жер телімін, баспана сұрап, болмаса үй кезегінде тұрғандардың кезегі неге жылжымай жатқандарын айтып сан мәрте даурықты. Әкімдіктің алдына бала-шағаларын жетектеп келіп «әкім шықсын» деп айғай аттанға басқандары да, әкімдіктің ішіне баса-көктеп кіргендері де, тіпті Шымкент қаласында әкімдікке түнеген әйелдер де болған. Елдің бас иесі ретіне, арыз-мұңын айтып келгендердің алдына өздері шықпай жасырынып, шаруа шешуге қауқарсыз орынбасар-ларын жіберіп, наразы топтың ашу-ызасын тудырды.

«Айтқанның аузы, көргеннің көзі, жаман» десе өздері білер. Әкім деген бесаспап болуы керек қой. Ал, біздің көптеген әкімдер бір жарауы кем, әрі қысқа қашықтыққа жүгіретін жылқы сияқты. Халықпен тіл табысып, сөйлесер кезде сөзге де, Мемлекет басшысы тапсырма берсе іске де әлі қойдың өкпесіндей болбырап тұрады. Екі сөздің басын құрап сөйлей алмайды. Тіпті, баспасөз өкілдері жазып берген баяндамаларын тілі жаңа шыққан баладай шатып-бұтып оқитындарын көргенде «осы да ел басқарып жүр-ау» деп қынжыласың. Оның көрінісін, қаңтардағы ереуілде тағы көрдік. Теңіздей толқып тұрған халықтың ығына жығылып, қыбын тауып, «*сіздердікі жөн, мәселені айғай аттан емес, ақыл-кеңеспен дөңгелек үстел басында отырып шешелік. Орталарыңда көшті бастап жүрген кімдер, бәріңіздің талаптарыңызды қағаз бетіне түсіріп, мәмілеге келетін оншақты адам шықсын*» демеді. Ұлардай шулаған ереуілшілер алдында айғаймен басып салам деді ме, этика, эстетикадан аттап, балағат сөз айтқанда ашынып тұрған ереуілшілер әкімді түтіп-жеп қоюға даяр тұрды.

Бердібек Сапарбаев, Нұрлан Ноғаев ереуілдеткен халықтың арасында болды. Өздерін басшы ретінде сабырлы-салмақты ұстады. Ел-жұрт Нұрлан Ноғаевқа – «Саған сенбейміз. Сен Атырауда жер дауы болғанда ешқандай құдалау болмайды деп өтірік айттың. Талғат Аян мен Макс Боқаевты соттатып жібердің», – деді. Міне, халықтың әкімдерге деген сенімсіздігі. Алаңға жиналғандардың арасында ащы суға тойып, не істеп, не қойып жүргендерін білмейтіндерді де көрдік. Жалпы, батыста халық алаңға жиналып жатыр дегенде Оңтүстік өңірлердегі әкім қаралар алдын-ала қам қарекетке көшпеді. Елді мекендерді бақылауға алмады. Оның нақты дәлелі Талдықорғандағы ереуілге ауыл-аймақтағы жастардың жиналғаны айтылуда.

Тіпті, қауесеттерге сенсек, аэропорт, Еркін ауылдарына жастар шоғырланып жатыр деген гу-гу әңгіме қала ғимараттары бүлінбей тұрып басталған. Өзі шешен, өзі көсем әкімдерді шөп арасына түсіп кеткен инедей іздейтін болдық. Дүние астаң-кестең болып, төңкеріліп, ғимараттар өртеніп, күштік құрылымдардың қару-жарағы талапайға түскенде, әкім де, генералдар да, олардың кейбір орынбасарлары ізім-қайым жоқ болып кетті. Елге басу айтатын адам таппай қалдық.

Ұшты-күйлі ғайып болып кеткен әкім де, өзгелері де айбаттарына қайта мініп, 8-ші қаңтарда бұлт астынан жылтыраған күн сәулесіндей көрінді-ау. Өңдерінде үрейдің табы байқалып, Жетісу жұртына үндеу жасады. Топалаңда топ ішінен көрінбей кеткен қолдарында билігі барларға елдің ашу-ызасы әлі басыла қойған жоқ. Өкпелері қара қазандай. «Неге өңір басшысы басқа әкімдер сияқты елдің, ереуілшілердің ортасында болмады», – дейді жұрт.

Сенімдеріне селкеу түсіріп алғандар ел басына тағыда екіталай күн туса, буынып-түйініп қашуға не болмаса тығылып жасырынбақ ойнайтын екі жүзді жәдігөй болып қала ма?

Күдік пен үміт

«Қосақ-қосақ десе, жаман қой бірге кетіпті» демекші, арандатушылар мен содырлардың азғыруына арбалып қалған басбұзарлар да қатаң жазаланып, қолына қару ұстағандар террористтер ретінде жазаланып кете ме деген күдік елді мазалайды. Тәртіпсіздік кезінде ұсталған 676 адам қамақтан босатылатынын, барлығы 8354 әкімшілік іс сотқа жеткенін, Бас прокурордың аға көмекшісі Азамат Сарғазин Орталық коммуникациялар қызметінде өткен брифингіде мәлім етті.

Елдегі тәртіпсіздіктерге байланысты «ауыр» және «аса ауыр» қылмыстар бойынша 695 сотқа дейінгі тергеу басталғанын, олардың ішінде 44 – терроризм актілері бойынша, 15 – кісі өлтіру бойынша, 6 іс – насихаттау фактілері және билікті басып алуға шақыру бойынша қозғалған. Күдікті ретінде 780 адам ұсталып, оның 695-ін сот қамаққа алғанын айтты. Прокурорлардың өтініш хаттары бойынша 676 адам қамақтан босатылды. 344 адамның айыппұлы ескертуге ауыстырылды. Прокурорлардың жазаны жеңілдетуге және айыппұлды ескертуге ауыстыруға бағытталған 733 өтініш хаттары қаралу үстінде деді. Қаңтардағы қанды оқиғаға байланысты, дүрбелеңді «көтеріліс» деген ақын Мұрат Алмасбек тонаушыларға рақымшылық жасауды ұсынды. Жазушы Дулат Исабеков ұсталып жатқандардың арасынан террористтерді ашық көрсету керегін айтты. Екінші қаңтардан бастау алған ереуілде комменданттық сағат енгізген Президент Қасым-Жомарт Тоқаев күштік құрылымдарға оқ атуға рұқсат берді. Оның зияны атыс-шабыс кезінде бейбіт тұрғындар оққа ұшты. Талдықорғанда коменданттық сағат кезінде бір үйдің адамдары оқтан ажал құшты. Оның бірі өрімдей жас бала. Алматыда көлік ішінде баласын емізіп отырған ана атыстың құрбаны болды. Бір емес бірнеше шаңырақ ортасына түсіп, қара жамылды.

Ел-аман, жұрт тыныш болса, Мемлекеттің іргесі берік болса, бүлінген дүние бүтінделер-ау. Бірақ, бейбіт күнде оққа ұшқан әскерилерді, полицияларды, өрімдей жастарды, бесіктен белі шықпай басын оқ жұлып кеткен өрендерді кім тірілтіп береді?! Марқұмдардың қаны кімнің мойнына жазыларын уақыттың еншісіне қалдырдық. Жаңа Қазақстанды қайта құрамыз деп жатқан Мемлекет басшысы да, шеңді-шекпенділер де бұл дүрбеленнен сабақ алса игі еді.

Айтақын МҰХАМАДИ

ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ

САБЫРҒА КЕЛ АҒАЙЫН

*Сабырға кел ағайын ,
Әр нәрсенің мәні бар.
Байтақ дала біздікі,
Бабалардың қаны бар.
Сан ғасырғы қасірет,
Табанында табы бар.
Берекеден кетсеңдер,
Сол күндерің тағы бар.*

*Қытай отыр құнығып,
Байлығына даламның.
Орыс отыр жұлынып,
Ойын ойлап арамның.
Арап отыр дінменен,
Аузын тырнап жарамның.
Жемқор отыр жеміріп,
Құлы болып аранның.
Бейбірекет кетпейік ,
Сөзін сөйлеп сараңның.
Ауғанстан, Сирия,
Ойыны болды ғаламның.
Солардай сорлы болмайық,
Тағдырын білмей балаңның.*

*Сабырға кел ағайын,
Берекеге беттейік.
Шектен асып адасып,
Заңнан асып кетпейік.
Бодан болдық Орысқа,
Сол тағдырға жетпейік.
Шығысыңда Қытай тұр,
Оған құл боп өтпейік.
Ортамызға от салған,
Жауыздардан шеттейік.*

*Сабырға кел ағайын,
Ойлаңдаршы азақпыз.
Коммонистер олжалап,
Торғайдай тозған Қазақпыз.
Бас-басына би болған,
Бейшарамыз. Ғажаппыз.
Өзімшіл боп Алладан,
Сондықтан да жазаппыз.
Өзінен шыққан сатқыны,
Тойымсызбыз. Тозақпыз.
Шиі бар деп қолында,
Өзгелерге мазақпыз.
Кең көсілген далаң бар.
Өспей жатқан балаң бар,
Үш жүз болып бөлінген,
Рушылдық жараң бар.
Орайшылдар тап берсе,
Оған қалай шамаң бар?
Бірлік қылар кез келді,
Ойланатын санаң бар.
Жаны ашитын шет ел жоқ,
Байлығыңа жалаңдар.
Осының бәрі түзелер,
Ағайын алда заман бар.
Халық күйер өрт болса,
Түсініңдер жарандар.
Айтаққа ерсең жастарым,
Ата - анаң алаңдар.
Тәртіп керек дәл қазір,
Тыныштықпен тараңдар.*

*Тоқаевқа сенейік.
Айтқанына көнейік.
Бағаны да түсірді,
Ризалық берейік.
Үкіметті жоғалтты,
Жақсылығын көрейік.
Аз Қазақты көбейтіп,
Өсірейік өнейік.
Қазақты Қазақ өлтірмей,
Қан ішерліктен кетейік.
Тонағанды тоқтатып,
Тыныштыққа енейік .*

Болат ҚҰРСАҚБАЙ

Дүйсенбі - Понедельник, 24 қаңтар

ҚАЗАҚСТАН

06.00, 02.00 Әнұран
06.05, 01.40 Д/ф «Қазба қазыналары»
06.25 «Masele»
07.00 М/ф «Шебер Мэнни»
08.00 TANSHOLPAN
10.00, 18.00 Т/х «Дениз»
12.00, 21.30 Т/х «Үміт»
13.00, 15.00, 17.00, 20.00, 00.20 AQPARAT
13.10, 17.15 «Qyzyq eken»
14.00 «Теледәрігерлер»
15.15 «Apta»
16.10, 23.30 Т/х «Ақжауын»
20.35 «Ashyq Alan»
22.30 Т/х «Өмір ызғары»
00.55 «Ashyq Alan»

ХАБАР

05.00, 01.00 ҚР Әнұраны
05.00, 16.00 Сериал «Братство Десанта»
07.00 «Таңғы хабар»
10.00 Мегахит «Экспат»
12.00 «Сенат аксакалов»
12.30 «Үкімет»
13.00 Т/х «Шайқалған шаңырақ»
15.00 «Бүгін»
18.00 Мегахит «Нитро Раш»
20.00 Қорытынды жаңалықтар
20.30 «Отдел журналистских расследований»
21.00 Итоги дня
21.30 Т/х «Келінжан»
22.30 Тұсаукесер «Түнгі хабар»
00.00 Әсем әуен
00.30 «Біреудің есебінен»

АСТАНА

06.00 Т/х «Белгісіз жан»
07.00 М/с «Маша и медведь»
09.20, 22.00 Т/х «Қарындасым қарлығашым»
11.10 Т/х «Қызым»
12.10, 23.50 «Жауынгер»
13.10 «Сырты бүтін»
14.00 «Айтарым бар»
15.40, 04.40 «Қош келдіңіз!»
16.30, 05.20 «Q travel»
17.00 Т/х «Ай мен күн»
18.10 «Фазилет ханым»
19.00 Т/х «Ене»
20.00 ASTANA TIMES
21.00 «Әйел тағдыры-2»
00.50 Т/х «Сулеймен сұлтан»
01.30 Т/х «1001 түн»
02.15 ASTANA TIMES повтор
03.10 «Айтарым бар» ток-шоуы

ЕВРАЗИЯ

05.00, 08.05 «Доброе утро»
08.00, 12.00, 15.00, 03.00 Новости
09.15 «Поле чудес»
10.15 «Жить здорово!»
11.05 «Модный приговор»
12.25, 01.00, 03.05 «Время покажет»
15.30 «Давай поженимся»
16.15, 04.15 «Мужское/Женское»
17.05 «Время покажет» с Артемом Шейниным
18.00 «Вечерние новости»
18.40 «На самом деле»
19.50 «Пусть говорят»
21.00 «Время»
21.30 Сериал «Гадалка»
23.10 «Познер»
00.05 «Вот и свела судьба»

КТК

07.00 ҚР Әнұраны
07.05 «Мерекелік концерт»
07.50 Т/х «Жанған үміт»
10.10 «Хороший день»
12.00 «Замкнутый круг»
15.30 Т/х «Кектен туған махаббат»
18.00 «Жала мен жауыздық»
19.30 Кешкі жаңалықтар
20.00 АСТАРЛЫ АҚИҚАТ
21.00 Вечерние новости
21.40 «На твоей стороне»
23.20 «Лесник. Своя Земля»
01.15 «Кектен туған махаббат»
03.05 «Мәссаған»
04.00-04.30 «Кешкі жаңалықтар»

ЖЕТІСУ

07.00 Әнұран
07.10 Д/ф «Мәдени байлықтар»
07.30 «Таңжарық» /тікелей эфир
09.00 Апта (қаз)
10.00 Апта (рус)
11.00 «Олжа»
11.30 Д/ф «Әлем ғажайыптары»
11.50 Жаңалықтар топтамасы
12.00 Жаңалықтар /тікелей эфир/
12.15 «Спорт-тайм»
12.30 Жаңалықтар
12.40 Д/ф «Әлем ғажайыптары»
13.00 Новости
13.15 «Әсем әуен»
13.25 Жаңалықтар топтамасы
13.30 «Дәрігер кеңесі» /тікелей эфир/
14.15 Жаңалықтар топтамасы
14.30 Новости
14.45 Жаңалықтар топтамасы
15.00 Жаңалықтар /тікелей эфир
15.20 «Спорт-тайм»
15.25 Жаңалықтар топтамасы
15.30 Жаңалықтар
15.45 Жаңалықтар топтамасы
16.00 Новости
16.20 Жаңалықтар топтамасы
16.30 Новости
16.45 «Спорт-тайм»
16.50 Жаңалықтар топтамасы
17.00 Жаңалық
17.20 Жаңалықтар топтамасы
17.30 Жаңалықтар
17.45 Жаңалықтар топтамасы
18.00 Новости
18.25 «Спорт-тайм»
18.30 «Шашу»/тікелей эфир/
19.15 Новости
19.30 «Бүгін» /тікелей эфир
20.00 «Қазақ тілі»
20.30 Қорытынды жаңалықтар
21.05 Д/ф «Мәдени байлықтар»
21.30 Итоговые новости
22.00 «Ай мен күн» телехикаясы 6-серия
22.35 Д/ф «Әлем ғажайыптары»
23.00 Новости
23.30 Жаңалықтар
00.00 Әнұран

31 КАНАЛ

05.58 ҚР Әнұраны
06.00 Әзіл студио
07.00, 04.30 What's up?
07.30 «Базарбаевтар»
08.20, 01.10 «31 әзіл»
10.00 М/с «Маша и медведь»
11.50, 21.50 «Ханшайым»
13.00, 21.00 «Ұшқан ұя»
13.50 М/с «Тимон и Пумба»
14.40 Ералаш
15.30 «Легенда Зорро»
18.00 «Кухня» повтор
19.00 «Кухня»
20.00 ИНФОРМБЮРО
23.05 Тұсаукесер! «Акимат қайда қарап отыр»
23.35 «Я знаю, что вы сделали прошлым летом»
02.30 Кел татуласайық!
05.00 Ризамын

7 КАНАЛ

06.00,05.00 «Қуырдақ»
07.00, 14.40 «Ерке мұң»
08.00 «Оян, QAZAQSTAN»
10.00, 18.00 Сериал «Полицейский с Рублевки»
11.00, 19.30 Сериал «Дурная кровь»
13.00, 01.30 «Q-Елі»
13.40, 23.00 «Ағайындылар»
15.40, 22.10 «Бастық боламын»
16.30, 00.00 Сериал «Гадалка»
17.00, 00.30 Сериал «Психологини»
19.00 «Студия-7»
21.30 Сериал «Сержан братан»
02.30 «Тамаша 7 км»
03.30 Т/х «Япырай»
04.00 «Айна-online»

Утеряна карточка допуска MPG № 04843 на прицеп 30AVA05, выданная инспекцией транспортного контроля по Алматинской области на ИП «Марьин В.И.» прошу считать не действительной.

Сейсенбі - Вторник, 25 қаңтар

ҚАЗАҚСТАН

06.00, 02.00 Әнұран
06.05 Д/ф «Қазба қазыналары»
06.25, 13.00, 15.00, 17.00, 20.00, 00.20 AQPARAT
07.00 М/ф «Шебер Мэнни»
08.00 TANSHOLPAN
10.00, 18.00 Т/х «Дениз»
12.00, 21.30 Т/х «Үміт»
13.10, 17.15 «Qyzyq eken»
14.00 «Теледәрігерлер»
15.15 «Masele»
15.50 Д/ф «Киелі Qazaqstan»
16.10, 23.30 Т/х «Ақжауын»
20.35 «Ashyq Alan»
22.30 Т/х «Өмір ызғары»
00.55 «Ashyq Alan»
01.40 Д/ф «Киелі Qazaqstan»

ХАБАР

05.00, 01.00 ҚР Әнұраны
05.00, 16.00 Сериал «Братство Десанта»
07.00 «Таңғы хабар»
10.00 Мегахит «Нитро Раш»
12.00 «Сенат аксакалов»
12.30 «Отдел журналистских расследований»
13.00 Т/х «Шайқалған шаңырақ»
15.00 «Большая неделя»
18.00 Мегахит «Главнокомандующий»
20.00 Қорытынды жаңалықтар
20.30 «Біздің назарда»
21.00 Итоги дня
21.30 Т/х «Келінжан»
22.30 Тұсаукесер! «Түнгі хабар»
00.00 Әсем әуен
00.30 «Біреудің есебінен»

АСТАНА

06.00 Т/х «Белгісіз жан»
07.00 М/с «Маша и медведь»
09.20, 22.00 Т/х «Қарындасым қарлығашым»
11.10 Т/х «Қызым»
12.10, 23.50 «Жауынгер»
13.10 «Сырты бүтін»
14.00 «Айтарым бар»
15.40, 04.40 «Қош келдіңіз!»
16.30, 05.20 «Q travel»
17.00 Т/х «Ай мен күн»
18.10 «Фазилет ханым»
19.00 Т/х «Ене»
20.00 ASTANA TIMES
21.00 «Әйел тағдыры-2»
00.50 Т/х «Сулеймен сұлтан»
01.30 Т/х «1001 түн»
02.15 ASTANA TIMES повтор
03.10 «Айтарым бар» ток-шоуы

ЕВРАЗИЯ

05.00, 08.05 «Доброе утро»
08.00, 12.00, 15.00, 03.00 Новости
09.15, 19.50 «Пусть говорят»
10.15 «Жить здорово!»
11.05 «Модный приговор»
12.25, 00.45, 03.05 «Время покажет»
15.30 «Давай поженимся»
16.15, 04.00 «Мужское/Женское»
17.05 «Время покажет» с Артемом Шейниным
18.00 «Вечерние новости»
18.40 «На самом деле»
19.50 «Пусть говорят»
21.00 «Время»
21.30 Сериал «Гадалка»
22.20 Премьера сезона. «Док-ток»
23.05 «Вечерний Ургант»
23.50 «Я не верю судьбе»

КТК

07.00 ҚР Әнұраны
07.05 «Мерекелік концерт»
07.20 Кешкі жаңалықтар
07.50 Т/х «Жанған үміт»
09.20 Новости
10.00 «Без фильтров»
11.40 «Лесник. Своя земля»
13.40 «На твоей стороне»
15.30 Т/х «Кетен туған махаббат»
18.00 «Жала мен жауыздық»
19.30 Кешкі жаңалықтар
20.00 АСТАРЛЫ АҚИҚАТ
21.00 Вечерние новости
21.40 «На твоей стороне»
23.20 «Лесник. Своя Земля»
01.15 «Кектен туған махаббат»
03.05 «Мәссаған»
04.00-04.30 «Кешкі жаңалықтар»

ЖЕТІСУ

07.00 Әнұран
07.10 Д/ф «Мәдени байлықтар»
07.30 «Таңжарық» /тікелей эфир
09.00 Жаңалықтар
09.30 Новости
10.00 «Ай мен күн» телехикаясы
10.35 «Спорт-тайм»
10.40 Жаңалықтар топтамасы
11.00 «Бүгін»
11.30 «Қазақ тілі»
11.50 Жаңалықтар топтамасы
12.00 Жаңалықтар /тікелей эфир/
12.15 «Спорт-тайм»
12.30 Жаңалықтар
12.40 Д/ф «Әлем ғажайыптары»
13.00 Новости/тікелей эфир/
13.15 «Әсем әуен»
13.25 Жаңалықтар топтамасы
13.30 «Талқы» /тікелей эфир/
14.25 Жаңалықтар топтамасы
14.30 Новости
14.45 Жаңалықтар топтамасы
15.00 Жаңалықтар /тікелей эфир
15.20 «Спорт-тайм»
15.25 Жаңалықтар топтамасы
15.30 Жаңалықтар
15.45 Жаңалықтар топтамасы
16.00 Новости
16.20 Жаңалықтар топтамасы
16.30 Новости
16.45 «Спорт-тайм»
16.50 Жаңалықтар топтамасы
17.00 Жаңалық
17.20 Жаңалықтар топтамасы
17.30 Жаңалықтар
17.45 Жаңалықтар топтамасы
17.55 12-блок
18.00 Новости
18.25 «Спорт-тайм»
18.30 Шашу»/тікелей эфир/
19.15 Новости
19.30 «Сегодня» /прямой эфир
20.00 Д/ф «Әйгілі режиссер»
20.30 Қорытынды жаңалықтар
21.05 Д/ф «Мәдени байлықтар»
21.30 Итоговые новости
22.00 «Ай мен күн» телехикаясы 7-серия
22.35 Д/ф «Әлем ғажайыптары»
23.00 Новости
23.30 Жаңалықтар
00.00 Әнұран

31 КАНАЛ

05.58 ҚР Әнұраны
06.00 Әзіл студио
06.30 Информбюро
07.30 «Базарбаевтар»
08.20, 01.10 «31 әзіл»
09.30 Т/х «Акимат қайда қарап отыр»
10.00 М/с «Маша и медведь»
11.50, 21.50 «Ханшайым»
13.00, 21.00 «Ұшқан ұя»
13.50 М/с «Три кота»
14.10 М/с «Тимон и Пумба»
15.00 Ералаш
16.00 «Я знаю, что вы сделали прошлым летом»
18.00 Сериал «Кухня» повтор
19.00 «Кухня»
20.00 ИНФОРМБЮРО
23.05 Тұсаукесер «Акимат қайда қарап отыр»
23.35 Кино. «Я знаю, что вы сделали прошлым летом»
02.30 Кел татуласайық!
04.30 What s upp?
05.00 Ризамын

7 КАНАЛ

06.00,05.00 «Қуырдақ»
07.00, 14.40 Т/х «Ерке мұң»
08.00 «Оян, QAZAQSTAN»
10.00, 18.00 Сериал «Полицейский с Рублевки»
11.00, 19.30 Сериал «Дурная кровь»
13.00, 01.30 «Q-Елі»
13.40, 23.00 «Ағайындылар»
15.40, 22.10 «Бастық боламын»
16.30, 00.00 Сериал «Гадалка»
17.00, 00.30 Сериал «Психологини»
17.30, 01.00 «Домик на счастье»
19.00 «Студия-7»
21.30 Сериал «Сержан братан»
02.30 «Тамаша 7 км»
03.30 Т/х «Япырай»
04.00 «Айна-online»

Сәрсенбі - Среда, 26 қаңтар

ҚАЗАҚСТАН

06.00, 02.00 Әнұран
06.05 Д/ф «Қазба қазыналары»
06.25, 13.00, 15.00, 17.00, 20.00, 00.20 AQPARAT
07.00 М/ф «Шебер Мэнни»
08.00 TANSHOLPAN
09.30, 11.00, 12.00, 13.10, 15.15, 17.15, 20.35 «Жаңа Қазақстан»
10.00, 11.20, 18.00 Т/х «Дениз»
14.00 «Теледәрігерлер»
16.00, 23.30 Т/х «Ақжауын»
21.30 Т/х «Үміт»
22.30 Т/х «Өмір ызғары»
00.55 «Теледәрігерлер»
01.40 Д/ф «Қазба қазыналары»

ХАБАР

05.00, 01.00 ҚР Әнұраны
05.00, 16.00 Сериал «Братство Десанта»
07.00 «Таңғы хабар»
10.00 Мегахит «Главнокомандующий»
12.00 «Сенат аксакалов»
12.30 «Біздің назарда»
13.00 Т/х «Шайқалған шаңырақ»
15.00 «Бүгін»
18.00 Мегахит «Допрос»
20.00 Қорытынды жаңалықтар
20.30 «Народный контроль»
21.00 Итоги дня
21.30 Т/х «Келінжан»
22.30 Тұсаукесер! «Түнгі хабар»
00.00 Әсем әуен
00.30 Д/ф «Біреудің есебінен»

АСТАНА

06.00 Т/х «Белгісіз жан»
07.00 М/с «Маша и медведь»
09.20, 22.00 Т/х «Қарындасым қарлығашым»
11.10 Т/х «Қызым»
12.10, 23.50 «Жауынгер»
13.10 «Сырты бүтін»
14.00 «Айтарым бар»
15.40, 04.40 «Қош келдіңіз!»
16.30, 05.20 «Q travel»
17.00 Т/х «Ай мен күн»
18.10 «Фазилет ханым»
19.00 Т/х «Ене»
20.00 ASTANA TIMES
21.00 «Әйел тағдыры-2»
00.50 Т/х «Сулеймен сұлтан»
01.30 Т/х «1001 түн»
02.15 ASTANA TIMES повтор
03.10 «Айтарым бар» ток-шоуы

ЕВРАЗИЯ

05.00, 08.05 «Доброе утро»
08.00, 12.00, 15.00, 03.00 Новости
09.15, 19.50 «Пусть говорят»
10.15 «Жить здорово!»
11.05 «Модный приговор»
12.25, 00.40, 03.05 «Время покажет»
15.30 «Давай поженимся»
16.15, 04.00 «Мужское/Женское»
17.05 «Время покажет» с Артемом Шейниным
18.00 «Вечерние новости»
18.40 «На самом деле»
21.00 «Время»
21.30 Сериал «Гадалка»
22.20 Премьера сезона. «Док-ток»
23.10 «Вечерний Ургант»
23.45 «Горький привкус любви Фрау Шиндлер»

КТК

07.00 ҚР Әнұраны
07.05 «Мерекелік концерт»
07.20 Кешкі жаңалықтар
07.50 Т/х «Жанған үміт»
09.20 Новости
10.00 «Без фильтров»
11.40 «Лесник. Своя земля»
13.40 «На твоей стороне»
15.30 «Кетен туған махаббат»
18.00 «Жала мен жауыздық»
19.30 Кешкі жаңалықтар
20.00 АСТАРЛЫ АҚИҚАТ
21.00 Вечерние новости
21.40 «На твоей стороне»
23.20 «Лесник. Своя Земля»
01.15 «Кектен туған махаббат»
03.05 «Мәссаған»
04.00-04.30 «Кешкі жаңалықтар»

ЖЕТІСУ

07.00 Әнұран
07.10 Д/ф «Мәдени байлықтар»
07.30 «Таңжарық» /тікелей эфир
09.00 Жаңалықтар
09.30 Новости
10.00 «Ай мен күн» телехикаясы
10.35 «Спорт-тайм»
10.40 Жаңалықтар топтамасы
11.00 «Сегодня»
11.30 Д/ф «Әлем ғажайыптары»
11.50 Жаңалықтар топтамасы
12.00 Жаңалықтар /тікелей эфир/
12.15 «Спорт-тайм»
12.30 Жаңалықтар
12.40 Д/ф «Әлем ғажайыптары»
13.00 Новости
13.15 «Әсем әуен»
13.25 Жаңалықтар топтамасы
13.30 «Талқы» /тікелей эфир/
14.25 Жаңалықтар топтамасы
14.30 Новости
14.45 Жаңалықтар топтамасы
15.00 Жаңалықтар /тікелей эфир
15.20 «Спорт-тайм»
15.25 Жаңалықтар топтамасы
15.30 Жаңалықтар
15.45 Жаңалықтар топтамасы
16.00 Новости
16.20 Жаңалықтар топтамасы
16.30 Новости
16.45 «Спорт-тайм»
16.50 Жаңалықтар топтамасы
17.00 Жаңалық
17.20 Жаңалықтар топтамасы
17.30 Жаңалықтар
17.45 Жаңалықтар топтамасы
18.00 Новости
18.25 «Спорт-тайм»
18.30 «Шашу»/тікелей эфир/
19.15 Новости
19.30 «Бүгін» /тікелей эфир
20.00 «Зейнеп апаның әңгімелері»
20.30 Қорытынды жаңалықтар
21.05 Д/ф «Мәдени байлықтар»
21.30 Итоговые новости
22.00 «Ай мен күн» телехикаясы 8-серия
22.35 Д/ф «Әлем ғажайыптары»
23.00 Новости
23.30 Жаңалықтар
00.00 Әнұран

31 КАНАЛ

05.58 ҚР Әнұраны
06.00 Әзіл студио
06.30 Информбюро
07.30 «Базарбаевтар»
08.20, 01.10 «31 әзіл»
09.30 Т/х «Акимат қайда қарап отыр»
10.00 М/с «Маша и медведь»
11.50, 21.50 «Ханшайым»
13.00, 21.00 «Ұшқан ұя»
13.50 М/с «Три кота»
14.10 М/с «Тимон и Пумба»
15.00 Ералаш
16.05 «Я знаю, что вы сделали прошлым летом»
18.00 Сериал «Кухня» повтор
19.00 «Кухня»
20.00 ИНФОРМБЮРО
23.05 Тұсаукесер «Акимат қайда қарап отыр»
23.35 Кино. «Ограбление в Урагане»
02.30 Кел татуласайық!
04.30 What s upp?
05.00 Ризамын

7 КАНАЛ

06.00, 05.00 «Қуырдақ»
07.00, 14.40 Т/х «Ерке мұң»
08.00 «Оян, QAZAQSTAN»
10.00, 18.00 Сериал «Полицейский с Рублевки»
11.00, 19.30 Сериал «Дурная кровь»
13.00, 01.30 «Q-Елі»
13.40 «Ағайындылар»
15.40, 22.10 «Бастық боламын»
16.30, 00.00 Сериал «Гадалка»
17.00, 00.30 Сериал «Психологини»
17.30, 01.00 «Домик на счастье»
19.00 «Студия-7»
21.30 Сериал «Сержан братан»
02.30 «Тамаша 7 км»
03.30 Т/х «Япырай»
04.00 «Айна-online»

Алатау
Қабанбай батыр көшесі, 32
Тел.: 41-11-42, 41-11-70. Факс: 41-09-29.
E-mail: alatau_offset@mail.ru, www.alatau.kz@mail.ru

ЖУРНАЛИСТ КӨЗІМЕН

«ҚАҢТАР ҚАСІРЕТІ»

ТАЛДЫҚОРҒАНДА НЕ БОЛДЫ?

Талдықорған алаңында да бейбіт шеру деп шыққандардың түпкі ойы нені меңзеді? Облыс орталығында орын алған осы бір наразылықты көзімен көріп, басы-қасында жүрген журналист Сандуғаш ДҮЙСЕНОВАДАН оқиғаның себебі мен салдарын салмақтап беруді сұрадық.

ЖАҢА ЖЫЛДЫҢ АЛҒАШҚЫ КҮНДЕРІНДЕГІ БЕЙБІТ НАРАЗЫЛЫҚТЫҢ СОҢЫ ЖАППАЙ ТӘРТІПСІЗДІК ПЕН БЕЙБЕРЕКЕТТІККЕ, ӨРТЕУ МЕН ҚИРАТУҒА ҰЛАСТЫ. ЕЛДЕ ТӨТЕНШЕ ЖАҒДАЙ ЖАРИЯЛАНДЫ. ШЫНЫ СОЛ, БҰЛ, СОҢҒЫ ЕКІ ЖЫЛ ІШІНДЕГІ ЕКІНШІ РЕТ ЖАРИЯЛАНҒАН ТӨТЕНШЕ ЖАҒДАЙ. КӨКЕЙДЕ СҰРАҚ КӨП ЕНДІ. ОТЫЗ ЖЫЛ БОЛҒАН ТӘУЕЛСІЗ ЕЛІМІЗДІҢ ОРДАСЫ НЕГЕ ОЙРАНДАЛА ЖАЗДАДЫ? БЕЙБІТ ДЕП БАСТАЛҒАН ШЕРУ НЕГЕ БЕЙБЕРЕКЕТ ЕРЕУІЛГЕ ҰЛАСТЫ? АЛ ҚАРАПАЙЫМ ХАЛЫҚТЫ АШЫНДЫРҒАН МӘСЕЛЕ БІР ҒАНА ГАЗ БАҒАСЫ ҒАНА МА?

* * *

«ОСЫ оқиға орын алардан бір күн бұрын, яғни, қаңтардың 3 күні Кербұлақ ауданында таудан жерге Барыс түскені туралы ақпарат тарады. Бұл күн – аптаның дүйсенбісі еді. Осы ақпараттың рас-шынын анықтауда Алматы облысы бойынша «Хабардың» меншікті тілшісі, әріптесім Гүлнәр Жантасоваға хабарласып, барып, көріп қайтайық деген ұсыныс айттым. Бұл мерекелік демалыс күндер болғанымен, біз, әдеттегіше, 4 күні жиналып, жолға шығып кеттік. «Басши» ауылына жетіп қалғанда телефоныма он екі адамнан тұратын топтың жаңаөзендіктерді қолдау мақсатында түсірілген «Біз біргеміз!» атты бейнетүсірілімі келді. Лезде бұл бейнені өзімнің жеке парақшама салып қойдым. Бірақ, ол жерде теріс әрекетке итермелейтін көрініс тіптен жоқ. Осылай жұмысымызды бітіріп, қалаға қайттық. Келе сала алаңға барғанымда тыныш екен, бірақ соған жақын маңдағы қонақүй жақтан көптің шуылдаған дауысы шыға бастады. Бірден сол жақа қарай бет түзедім. Бұл, енді, кешкі сегіздер шамасы. Шеруге шыққандардың дені «елім, жерім үшін» деген сөздерді айқайлап айтып келе жатты. Он минуттың ішінде алаңға екі мыңға жуық адам жиналды десем болады. Осы жерде шұғыл түрде полиция қызметкерлері де келіп үлгерді. Алаңда көргенім «Еуразия» бірінші арнасының журналисі Берік Ақтан жүрді, одан кейін әкімдіктен Лаззат Махатұлы, қала әкімі Ержан Батырбайұлы, Ермек Келімсейіт, Ғалымұрат Жүкел, Нұрбақыт Теңізбаев, өзіміздің Жанна Арынбекова және әкімшіліктен тағы бірнеше адам болды.

АЛҒАШЫНДА бейбіт шеруге шығушылар микрофонды кезек-кезек алып сөйлеп жатты. Бірақ, көп ұзамай бейбіт шеру саясиланып сала берді. Наразылыққа шыққандардың аузынан «Шал, кет!» деген сөздер шыға бастады. Басында шерушілер сөзіне жүрегім ауырып, қолдау танытып тұрған едім, мына айтқандарынан соң бірден арты жақсылыққа апармайтындығын ішім сезді. Олардың бұл сөзі көз алдыма 1986 жылғы оқиғаны алып келгендей болды. Содан бірден алаңдағы полицейлерді елді соқпауға, түсіністік танытуға шақырдым. Бірақ, бейбіт митинг агрессивті сипат ала бастады. Шерушілер арасынан екі бірдей көпбалалы ана қала әкімінің қасына жүгіріп келіп оған қарсы небір сөздерді жаудырта бастады. Шаһар басшысының «ертең сағат үште әкімдікке келіңдер, сөйлесейік» дегенін ана екеуі құлақтарына да ілмеді. Ақ орамал таққан келіншек тіпті аузын жабар емес: «Көпбалалы ана ретінде сендер маған балабақшаның ақшасын төлеп берулерің керек» дегені тіптен орынсыз сөз ғой. Тағы бірі Жанна Арынбекованы сөзбен шымшылай берді. Осы аралықта менің қызым «Тәте, көпбалалы ана болсаңыз үйде отырмай, түн қатып бұл жерде неге жүрсіз?» деп еді, енді онымен байланысты. Қысқасы, мұндай ұрыс-керістен ештеңе шықпас деп ың-дыңсыз қыздарымды алып, үйге кетіп қалдым. Алаңнан кетуімнің тағы бір себебі, шеруге шыққандардың бірі маған: «Тәте, сізді ел таниды ғой, бізді басқарыңызшы» деп өтініш айтты. Негізі митингке шығар алдында топты бір адамның басқаруы керектігін бәріміз жақсы білеміз. Бірақ, оның бәрі нақты, заңды түрде болғаны жөн. Ал араққа тойып алып, ауыздарынан небір боғауыз сөздер кетіп жатқан жандармен байланысудың өзі артық. Осылай, былық болмай тұрып, кетіп қалуды жөн көрдім. Түнгі 23:00-де қыздарыммен үйге келдім.

КЕЛЕСІ күні, яғни, қаңтардың 5-і., алаңға шыққан жоқпын. Барлық былық осы күннен басталды емес пе? Сол күні құрбым Әлия телефон шалып, алаңда болып жатқан дүрбелең туралы айтты. Наразылыққа шыққандар қолдарына тас алып, сонда жүргендердің бәріне лақтырып жатқанын, өзінің әзер қашып шыққанын, маған үйден шықпауымды айтты. Бұл сөзді естіп, менде дегбір қалмады. Кеш түсе шыдай алмай үйден шықтым, Абай көшесі бойында орналасқан ішкі істер департаментіне барғанымда өз-көзіме өзім сенбедім. Шарбақтарын құлатқан, есіктерді сындырған, машиналарды өртеп жіберген. Осы сәтте телефонымның камерасын қосып, видеоға түсіре бастадым. Мородерлер жанған машинаның дөңгелегін, енді бірі көліктің ішіндегі магнитолла, ұсақ-түйектерін алып жатты. Содан екі қызымды ертіп мекеменің ішіне кіріп бара жатқанымызда есік алдында тұрған аппақ иномарка көлігін шағып жатқанын көрдік. Бұл тәртіпсіздікті көріп, шыдай алмаған қызым: «Қойсаңдаршы, онда нелерің кетті, жап-жаңа көлікті бүлдіріп, бұл өкіметтікі емес пе?» деген сөзіне «қайдағы өкімет, бұл полицияның көлігі ғой» деп жауап қатты әлгі бұзақылар.

«Бұл қазақстандық полицияның мүлкі ғой» деген менің сөзіме де еш шімірікпестен: «біз, полицияны ненавидим» деді. Әлгілердің арасында әйелдер де өріп жүр. Осы сәтте біреуін жұлқып-жұлқып, итеріп жібердім. Содан департаменттің ішіне кірсек, төрт-бес жігіт жүр екен. Түріне қарасам полицейлерге ұқсайды, аяғына зер салсам голош киіп алған. Өздері рацияларды, оқ өткізбейтін дене құрышын (бронижелет) жинастырып жатыр.

«Сендер неғып жүрсіңдер, бұларың не? Бүлінгеннен бүлдіргі алма дейді, қазақта. Қойыңдар» дегеніме: «Тәте, біз полицейміз ғой, мына жерді тазартып жатырмыз, бәрін алып кетпесек болмайды», – деді. Содан әлгілермен бірге далаға шықтық. Сыртқа шыққанымызда мородерлер бізге жабысып, тиісе бастады. Бірден жанымдағы жігіттерге: «Рацияларды қайда апарасыңдар?» – деп лап қойды. Ал әлгі мородерлердің арасында жүргендердің бірлі-екеуін жақсы танимын. Сондықтан да оларға «Ауыздарыңды жабыңдар, жұмыстарың болмасын» деп қатқыл үн қаттым. Сөйтіп, әлгі жерден шығып, облыстық әкімдікке қарай бет түзедік. Келсек, бұл жердің де астаң-кестеңі шыққан. Қыздарыммен бірге әкімдіктің ішіне кірдім. Ғимараттың бәрін қопарып тастаған. Мородерлер ішінде әйелдер де жүр. Солардың бірі әкімдікте тұрған гүлді ұрлап бара жатқанын көріп, тоқтатып, одан гүлді қайтарып алдық. Осы сәтте қыздарымды арнайы шаруамен бесінші қабатқа барып келу үшін жіберген едім. Бір уақытта сигнализация ойнай бастады, «қазір, атыс басталады» дегенде, қыздарымды іздеп, бесінші қабатқа екі минутта көтерілдім. Бар дауысыммен айқайлаймын. Сөйтсем олар бірінші қабатқа түсіп үлгерген. Осылай түнгі он екіге қарай үйге қайттық.

6 ҚАҢТАР. Ойда ештеңе жоқ, ертеңгілік, облыстық әкімдікке келдім. Шыны керек, быт-шыты шыққан, өртенген ғимаратты көріп, екі көзім шарасынан шықты. Жүрегім ауырды, жыладым да.

Ғимараттың айналасын жинастырып жүргенімде бір әйелдің: «Бұл, өкіметтің дүниесі ғой, жанса, жана берсін» деген сөзін естіп, одан әрмен ішім қан жылады. Халықтың сана-сезімінің соншалықты төмендеп кеткеніне налыдым.

Алаңдағы шыршаға ешкім тимеген екен. Сол сәтте ішімдікке лыңа тойып, ыржыңдап күлген қазақ жігітіне қарап: «Немененің жетісіп іштің?» десем, «Біз жеңдік қой, соның қуанышынан іштім» деп мәз. Бұған, не дей аласың?!

Бұл күні қалада тірі жан болмады. Сол шақ қорқынышты фильмдердегі көріністі көз алдыма әкелгендей болды. Содан қаланың сыртына шығып, Президентке бейне хабарлама жазып, парақшама салдым. Осылай, үйге қайттым.

ҚАҢТАРДЫҢ 7-і күні қалаға әскер кірді. Содан олар менен: «Насихат жұмысын қойып, елді тыныштыққа, сабырлыққа шақыруға көмек беріңіз» – деп сұрады. Қалғанын өздерінің алгоритмі бойынша жүргізетіндіктерін айтты. Менің де түпкі ойым осы болған. Алайда, бейбіт шерудің соңы бүлік шеруге ұласады деп кім ойлаған?!

Осы қиын кезеңде өз кәсіби міндетін орындаған тәуелсіз журналистердің бірі ретінде, 4-5-6-7-8-9 қаңтарда қаламызда орын алған күнделікті оқиғамен халықты ақпараттандырып, жеткізіп отыруға тырыстым. Ешкімде интернет болмағанда, қандай да бір кереметтікпен менде интернет істеп тұрғанына әлі күнге таң қаламын.

Осы аралықта алаңда менен өзге «Еуразия» бірінші арнасының журналисі Берік Ақтан, «Хабардың» операторы Олжас болды, журналист Шыңғыс Қалиден және «Жетісу» арнасынан Данияр Сейсенбаев жүрді. Басқаларын көрсем, көзім шықсын. Мүмкін бір шыршаның түбінде жасырынып отырған болар, кім біледі?

Осы тұста айта кетейін, еркектер жүре алмаған жерде қыз да болса қорықпай Жанна Арынбекованың жүргеніне іштей таң қалдым да. Осы бір митинг кезінде менің көз алдымда ол үш-төрт сатыға өсіп кеткендей болды, оған деген құрметім тіптен еселене түсті.

МЕНІҢ жеке пайымым, егер сол кезде халықпен бір мәмілеге келетін адам шыққанда, мүмкін мұндай тәртіпсіздік орын алмайтын ба еді. Себебі, митингке шыққандардың арасында еріккеннен, жай ғана қызығушылықпен барғандар көп болды. Осы орайда бірнеше мәселені алға тартқым келеді.

Ең алдымен, Алматы облысында халықты бағындыра алатындай белді, беделді азаматтар жоқ. Ал, ондай жандарды жасау қажет. Мәселен, Бауыржан Оспанов секілді, оны бүкіл ауыл тыңдайды ғой, сол секілді Балқаштағы Әбен ағамыз сынды... ол кісі де мыңды орнынан тұрғызып, қайта отырғызуға мүмкіндігі мол. Қысқасы, халық сенетін адамдарды таңдап, шығаруымыз тиіс.

Екіншіден, бұл оқиғадан, әкімдердің халықтан алыстап кеткендігі көрініп қалды. Егер, елмен етене жұмыс істеп, көмектерін беріп отырғанда бұлай болмас еді. Бір сөзбен айтқанда, билік халықтан алыстап, сөйлесе алмайтынын ашып көрсетті.

Үшіншіден, жамағат. Біздің Бас муфтиіміз үндеу жасауы тиіс еді. Ол барлығы бітіп, бояуы сіңген тұста ғана қозғалды. Сол сәтте халықты бір мәмілеге алып келетін билік арқылы, ел ішіне беделді азаматтардың және мешіттерден жұрттың басын жия алатын өкілдер болғанда.... Мәселен, қала іргесіндегі Еркін ауылында Омар аға сықылды имамдар болса. Ол үнемі елдің басын біріктіріп, көмек беруден аянған емес. Егер ол кісі сөйлесе еркіндіктер көтеріле алады, қозғалмай отыра да алады. Сондай имамдарды тәрбиелеуіміз керек. Содан кейін, имамдардың қолында екі дипломы болса: бірі діни-танымдық, екіншісі педагогтық. Осы кезде тепе-теңдік орын алады.

Төртіншіден, әкімдіктің ыдысынан тамақ жеп отырған үкіметтік емес ұйымдар бар. Шеруге шыққандардың арасында көпбалалы, әлеуметтік тұрмысы төмен аналар да жүрді. Олармен арнайы үкіметтік емес ұйымдар жұмыс істеуі тиіс емес пе. Сол үшін де оларға ақша төленеді ғой. Егер шерушілер ішінде солардың адамдары жүрсе, онда бұл ұйым несіне жұмыс істеп отыр?

АЛАҢҒА жиналған алаң жұрт бір өзгеріс болар деп сенді. Менің тілге тиек еткен төрт мәселемде «Олар митингке неге шықпады?» деуден аулақпын. Алайда, ашынған халықтың алдына шығып сөйлеп, сабасына түсіріп, сабырлыққа шақырып, үйлеріне қайтарулары керек еді. Өкінішке орай, бұл жұмысты атқара алатындай адам, көшбасшы көрінген жоқ.

Бейбіт шеруге шыққан бірінші күні-ақ бұл істі өршітпеуге де болар еді. Амал нешік?! «Баталов болғанда, бұлай болмайтын еді. Себебі, ол елмен емен-жарқын әңгіме айтып, сөйлесе білетін әкім болды. Есіңде ме, осыдан біраз жыл бұрын Талғарда орын алған қырғында мылтық, балта ұстап келген ашынған жұртты райынан қайтарғаны. Мына жағдайда да Баталов тобырдың басын қайырар еді. Өйткені шеруге шыққандардың ішінде арандатушылардан бөлек, басым бөлігі қарапайым халық болды.

Бұл бүліктен билік сабақ алды ма? Алған жоқ. Өйткені, күні кеше ғана активистерді жинап, біз үшін шешім шығарып қойды. Олар халықтың ойын білмей, сұрамай қайдан біледі???

ЖУРНАЛИСТІК міндетімді орындауда бойда үрей де қорқыныш та болды. Қырып тастаса не істей аламыз деген ой да мазалады. Қорыққанымыздан жүре бердік қой... Негізінде, Барыс жылының басы осындай үрейлі күндермен басталар деп еш ойламадық. Алайда, Желтоқсан оқиғасының Барыс жылында болғанын ұмытқамыз жоқ. Бірақ, ол кезде алаңға шыққандарда «Колбинды құртып, Қонаевты қайта отырғызу» деген нақты идея болды. Ал мына шеруде халықтың әрқайсысы өзінің жеке басындағы проблеманы алға тартты. Бірі баспанам жоқ десе, бірі басындағы несиесінің көбейіп кеткенін айтты. Қысқасы, халық өзінің дауысын тыңдатқысы келді және соны орындауға мүмкіндік туды. Сөзді қысқа қайырғанда, бұл шеруге келген халық ортақ идеядан гөрі, жеке проблемасын басты орынға шығарғысы келді. Бары, осы.

Әңгімелескен Сарби ӘЙТЕНОВА

Алатау
Қабанбай батыр көшесі, 32
Тел.: 41-11-42, 41-11-70. Факс: 41-09-29.
E-mail: alatau_offset@mail.ru, www.alatau.kz@mail.ru

Әңгіме

РЫЦАРЬДЫҢ ӨЛІМІ

(болған оқиға ізімен)

Жартылай қараңғы дәліздің арғы бетінен Бетховеннің 5-симфониясы әлсін-әлсін естіледі. Әдеттегідей емес, бүгін бұл әуен зарлы шығатындай. Театр ішінде бұрынғыдан бетер қараңғылық қоюлана түскен. Алдында келе жатқан ер тұлғалы кісінің қара плащы жүрген сайын көлбеңдеп келеді. Одан өзге жан баласының қарасы көрінбейді. Қызық, қойылымға келген сапырылысқан халық қайда кеткен. Баспалдақтан түсіп бара жатып, тайып жығылды. Лезде бір ай бұрын сахналанған спектакльде сомдаған кейіпкері қалай өлгені есіне түсті. Сол сияқты өмірде де оқыстан өліп кетпейін деген ой келіп, өзіне-өзі күліп жіберді. Дауысы қаттырақ шығып кеткен болуы керек, алдындағы ер адам жалт қарады. Көзінде от жарқ етті де лезде сұм ойларын жасыру ниетінде жымиып күлді.

Театрдың артқы есігінен шыға бергенде, серігі кідіріп, бұған бұрылды да, қалтасынан темекі алып ұсынды. Қолын соза беріп, қайта алды. Ол ешқашан шылым шекпейтін. Бұнда бір гәп бар. Сол мезетте ағаштағы бір топ қарға дүр етіп ұшты. Қайтадан көзін тіктеп оған қарап еді, жүзінен әзәзіл күлкісі таймаған қалпы тұр екен. Көзінде не табалағаны, не мысқылдағаны белгісіз. Ол күлген сайын тынысы тарылып, тыныштығы қашты. Кенет мойнына сым темір орала кетті. Жан дәрмені жеткенше алысып жатыр. Темір бұғау кеңірдегін қысқан сайын көзі қарауытып, дүние түнекке айналып барады. Ол сақ-сақ күліп, «Жәһәннамда жүздескенше!» деп күбірледі...

Тарс еткен қатты дыбыстан оянып кетті. Әлсіз бекітілген терезе қара желден ашылып кеткен болуы керек. Қараңғы бөлмеге енген суық терге малшынған денесін қарып өтті. Айдың сәулесі түскен ақ перде жан алушының қолындай төсегіне ұмтылып, баяу ғана қайта орнына келді. Ағаш жапырақтары желмен ұшып кетердей аласұрса, бұтақтары әйнекті аш мысықтай тырналап жатыр. Қарама-қарсы көпқабатты үйдің шамдары түгел өшіп тұр. Жұрт тәтті ұйқыда жатқанда, бұған бар зұлмат жиылып келген несі. Өң мен түсін айыра алар емес. Жарықты қосып, айнаға қараса, темірдің орны жоқ. Иә, қанша дегенмен сымарқанмен қылқындырып өлтірген соң қандай орын қалатынын жақсы біледі...

* * *

Баспасөз беттері рыцарьдың жұмбақ өлімі туралы жарыса жазып жатыр. «Серуендеуге шыққан студенттер қала сыртынан рыцарь киміндегі жас жігіттің мәйітін тауыпты. ІІД баспасөз қызметінің хабарлауынша, марқұм қылқындыру салдарынан көз жұмған. Анықталғандай ол облыстық драма театрдың әртісі Ж.Ө. есімді азамат болып шықты. Қазіргі уақытта сотқа дейінгі тергеп-тексеру шаралары жүргізіліп жатыр" деп хабарласа, кей бейресми басылымдарда бұдан бөлек іске қатысты біраз ақпараттар жазылыпты. Мәйіт өзен жағасында 14-15 сағат жатқанын, сымарқанмен қылқындыру салдарынан өлгенін анықтаған. Жауап алу кезінде студенттер жақын маңнан ешкімді кезіктірмеген және тіккен шатырларынан отыз шақты қадам жерде өлік жатқанын тек таң қылаң бергенде ғана көріпті. Жедел тергеу тобы нақты заттай айғақтар таппағанын, жалғыз-ақ мәйіттен жүз метр қашықтықта көлік протекторының орны қалғанын тергеу кезінде оқиға орнында болған студенттердің бірі айтып беріпті.

Осындай газеттердің бірін дүңгіршектен сатып алған бойжеткен ауыр күрсініп әріптесін еске алды. Күні кеше ғана сахнада бірге өнер көрсеткен еді, ал бүгін елдің бәрі өлімі жайында хабарларды оқып, басты өсек-аяңға айналды. Бәрінен де театр қызметкерлері қатардан қалар емес. Ғимарат алдындағы субұрқаққа таяу келгенде ауланы сыпырып жүрген шал мен еден жуушы әйелдің сөзін естіп жүрісін баяулатты.

– Әй, ақыры өшін алыпты ғой!–деді әйел терезені сүртіп жатып.

– Кімді айтасың?

– Кімді болушы еді?! Режиссерды айтамын да.

– Тәйт, не дейді!? Көзбен көрген жоқсың. Біреудің мойнына адамның қанын жүктеме!

– Сол өлтіргені айдан анық. Даусынынан айырылмай тұрып, киносына түсті емес пе. Естуімше, режиссер бөленбай ақшаны қалтасына басқан. Жалғас соны жететін жеріне жеткізіпті. Несі бар десеңші? Қазіргі жастар көрінген жерге тұмсығын сұқпаса жүре алмайды. Не болды, әне? Өлді де қалды.

– Екеуі бұрыннан бері қас болса, неге жұмысқа алды? Ақан өте талантты жігіт. Қолын былғап қайтеді?! Оданша Әлгі Азамат бастаған үш сотқармен талай шекісіп қалғаны есіңде ме? Дәу де болса...– сөзін аяқтатпай әйел үндеме деп белгі берді. Сөйтсе ауызға алған азаматының өзі көлігінен түсіп келе жатыр екен.

Жігіт қызға күле қарап:

– Рыцарың өліп қалыпты ғой, ханшайым, – деді қолындағы газетті нұсқап.

– Азамат, аяушылық дегенді білесің бе өзі? Өлді дегенше, өлтірдім десеңші.

– Бүгінгі қойылымда сені атамын. Дайындал! – көзін қысып, артқы есіктен кіріп кетті.

Театр сахнасында толған әртіс. Үш қыз дауыстап санап, би қимылдарын қайталап жүрсе, шашын қайыра тараған жігіт «Мен сені өлтіремін!» деген сөзді бірнеше мәрте айтып, барған сайын даусын зорайта түсіп, рөліне кіріп бағуда. Қылышпен айқасып жатқан екі жігіттің сұлбасы сахна шымылдығынан қараңдайды. Бұл дені жастар. Аға буын актерлардың басты дайындығы айна алды, өзінің бет-бейнесі мен мимикасы. Айнаға түскен бейнесі кейіпкерінің жан күйзелісі мен ашу-ызасын көрсетіп, өзі сомдауға тиісті адам екеніне сендіре алса, көрермен де алдында әртіс тұрғанын ұмытып, әсерлене түспек.

– Қане, дайындықты бастаймыз! Түгел жиналыңдар!– ұзын шашын буып, мойнына шарф орап алған режиссер көрерменге арналған есіктен кіре сала жүре сөйлеп, әрқайсысына ескерту жасады. – Айман, кимің қайда? Бүгін костюммен дайындаламыз дедік қой. Азамат, сен адамды емес құсты атайын деп тұрғандай сөйлейсің! Ол бауырыңның өліміне себепкер болды. «Қазір жаныңды жаһаннамға жіберемін!» деп ақырмайсың ба! Көзіңнен өшпенділік көрініп тұруы керек...

– Рыцарьларыңызды жоғалтып алған жоқсыздар ма?

Жартылай қараңғы залға қара бас киім мен қоңыр костюм киген жасы отыздар шамасындағы ақшыл өңді ер адам мен жас жігіт кіріп келді.

– Сіздер кімсіздер? Дайындық жүріп жатыр! Бізде ертең премьера!– деп режиссер айғай салды.

– Мұрат Ахметұлы - тергеуші,– деп қалтасынан қызыл куәлігін алып көрсетті.– Ал мынау менің көмекшім – Садуақас Сағындық. Жалғас Өмірзақтың ісіне қатысты сізге қоятын сұрақтарымыз бар.

– Енді бірден солай айтпайсыздар ма. Неғып тұрсыздар? Отырыңыздар! – өзі де қатарлас орындыққа жайғасып, сахнадағы жастарға –Дайындалуға тағы да жарты сағат уақыт беремін,– деді.

Мұрат марқұм жігіт жайлы сұрап, блакнотына түртіп отырып, режиссердың әр қимылын қалт жібермеді. Орта жастағы өнер майталманының бір-ақ сәтте мысы басылып, үш қайтара оң қолымен мойнын уқалады. Адамның мойнында нерв талшықтары бар: жайсыздық сезімі туғанда уқалай отырып, жеңілдейді. Қолында пышақтың я өзге затпен тілінген сияқты. Жазылып үлгермеген күреңтүсті жара бар. Көбіне сахнаға қарап, сөйлегені де көзге тіке караудан қашқанындай көрінді. Тергеушілер үшін айтылған сөздің көлемі емес, оның ішіндегі қаншасы шындық, қай сөзі өтірік сол маңызды. Өнер майталманының жауап алу кезінде көп сөйлегені өтірікпен өрнек тоқып отырғанының белгісіндей әсер қалдыруда. Сұрақтарға үстірт жауап беріп, өліміне өкініш білдіремін деп нақты мәселеден жиі ауытқып кетуі де күмәнді. Әр қимылын баққан тергеуші режиссердың ісі мен сөзі қабыспайтынын аңғарды.

«Актерға лайық даусы болмаса да, Жалғас біздің ұжымның бір бөлшегі еді. Оқу бітіргені былтыр ғана. Өлдіге қимай отырмын», – деген сөзінің өзінде адамды толық сендіре алмайтын бір жасырылған нәрсе бары анық еді. Мұрат оны кісі өлтіруші ретінде елестетіп көрді. Көптен тысқары оңаша жерге апарып, мойнына сымарқан орауы... Жоқ, шындыққа жанаспайды. Режиссер рөлді бөлгеннің өзінде әртістің қарым-қабілетімен қоса, бет-бейнесі мен табиғатын есепке алады. Дүйім театр ұжымын тәрбиелеп жатқанына қарағанда, өзінің де таланты жетіп асатын шығар, бірақ сахна бөлек, өмір бөлек. Әлде... Тергеушінің ойы сан-саққа кетті.

Театр залынан шыққан бетте Садуақас Мұраттың қалың ойға шомып, блакнотындағы жазбаға қарай бергенін байқады. «Шығармашылығынан басқа ешнәрсе айтпаған сияқты еді. Тергеушіні сонша беймаза күйге түсірген не екен?» деп Садуақас іштей ойға қалды. Бұндайда сұрақ астына алмай, үндемей өзі айтқанын күткен дұрыс. Сұраймын деп талай рет ұрыс естіген.

– Бұнда бір гәп бар. Жаңа сахнада тұрған жастардың ешбірінің жүзінде шын жанашырлықты көрмедім. Басты рөлге жету үшін аяқтан шалып, біреудің қайғысына қуанатындай. Олар үшін өнер адам жанынан да биік тұр. Немесе...

– Немесе?

– Олардың бәрі қылмыскердің кім екенін біледі. Байқадың ба, режиссер сұраққа жауап бергенде өзін жабық ұстауға тырысып бақты. Оның бір жасырғаны бар... Сен актерлармен тілдесіп қайт, мен театр директорына кіріп-шығайын.

* * *

Жастар түгелдей грим бөлмесіне жиналыпты. Садуақас кіргенде бірден гуіл басылып, тыныштық орнады. Көздерінде таңырқаумен қоса үрей бар.

– Марқұм жайында айтып берсеңіздер! Кішкентай ғана факт тергеу ісіне көп көмегін тигізуі мүмкін, – отырғандарды көзбен бір шолып шықты. – Ендеше бастайық,– блакнотын ашып, қаламын жазуға ыңғайлады.–Жалғас қандай адам еді? Қастандық жасайтындай жаулары бар ма?

– Сен әлгі қарғаны айтасың ба? Қарғаның қарқылдағының өзі даусынан әлдеқайда жағымды,– деді диванға арқасын сүйеп отырған жігіт шалқая сөйлеп.

– Азамат, сен де теңеуді таба кетесің,– келесі біреуі дем беріп.– Ана түрімен «менде талант» деп қояды. Оған ең дұрысы зоопаркте өнер көрсету!

– Тауып айттың,– деп Азамат қостай кетті.

– Қойсаңдаршы! Ең болмағанда өлген соң құрметпен қарасаңдар қайтеді?! Тірі кезінде мазақ қылғандарың да жетеді,– деп енді біреуі тыймақ болды.

– Қойшы! Кім айтып отыр десеңші? Серғазы, сен бе?!– таңдана жүзіне қарап, – Еске түсірмей-ақ қояйық, ақ қанатты періштем,– деп көзін қысты. Астарлы кекесін бар қалжын жігітке ұнамаса керек, жүзін теріс бұрып, күбірлеп бір нәрсе айтқандай болды.

– Сендер айта алмасаңдар, мен айтайын, – айна алдында шашын түзеп, бет-бейнесін ретке келтіріп жатқан сылқым сөзге араласты. – Мына

ӘДЕБИЕТ АЙДЫНЫ
Алатау

Қабанбай батыр көшесі, 32
Тел.: 41-11-42, 41-11-70. Факс: 41-09-29.
E-mail: alatau_offset@mail.ru, www.alatau.kz@mail.ru

Әңгіме

отырғандардың кез келгені Жалғасты қуана-қуана бауыздап тастар еді. Кейде қойылымға шынайы тапанша берсе деп армандайсың. Өкінішке қарай,.. – көзін ойнақшыта айналдырып, – Неге оны соншалықты жек көретінімізді сұрағыңыз келетін шығар. Ол барып тұрған сұмырай еді. Бастықтарға жағымсып, кішкене кемшілігіміздің өзін таудай қылып жеткізіп баратын. Тіпті, еңбегі сіңген, жиырма жыл осы театрда қызмет еткен актер ағамызды жұмыстан шығартып жіберді,– деді.

– Ол кісінің аты-жөні кім?

– Оны қайтесіз? Басты күдікті деп тіркейін деп едіңіз? Жарайды, айтайын. Манап Қайырбек.

– Ал, сіз не дейсіз?– деп Садуақас диванның жиегінде отырған қызға бұрылғаны сол еді, әлгі қыз «Мен өсек емес қолтаңба ғана таратамын» деп бәрін ду күлдірді.

* * *

Мұрат театр директорын үшінші қабатқа шығып бара жатқанда баспалдақтан кездестірді. Қолына ажурлы қолғап киіп, орта ғасырды еске салатын ұзын қара көйлегінің етегін ұстап келе жатқан әйелдің келбеті келісті болғанмен, көзінің өткірлігі тасты да қақ жарып өтердей сұсты еді. Әйел оны көрген бойда:

– Сіз кімсіз? Бұнда не істеп жүрсіз?– деп сұраққа алды.

– Мұрат Ахметұлы - тергеуші.

– Келген екенсіздер ғой.

– Келдік, – Мұрат езу тартып жымиды да түсін лезде суытып, – Сізге қоятын сұрақтарым бар,– деді.

– Жақсы, кабинетіме жүріңіз!

Театр қараңғылығы мен адам өліміне бейқам карауларына Мұраттың бойы үйреніп кеткендей. Бас шайқап таң қалмады. Олар үшін сахнада жан тапсырды не, шынайы өмірде бақиға аттанып кетті ме айырмасы жоқтай. Қайта қалыпты қабылдаған адамнан гөрі көз жасын көлдетіп, жоқтағандар анағұрлым күдікті. Жұмыс үстеліне жайғасып отырғаннан кейін де директор сол ызғарлы кейіпте сауалдарына жауап берді.

– Өзім де тергеушілер келетін шығар деп отырғанмын. Ал, не сұрайын деп едіңіздер?

– Марқұм жайында білгендеріңізді түгел айтыңыз.

– Жақсы танимын дей алмаймын. Үш ай бұрын ғана кастинг бойынша қабылданды. Таланты бар бала, бірақ дауысы қарлығып шығады. «Тамағыма екінші мәрте ота жасатамын, дәрігерлер қалыпқа келесің деп уәде берді» деген соң кемшілігіне қарамай қабылдадық. Әзірше, сөзі жоқ рөлдерді орындап жүр. Массовка бар дегендей...

– Демек, ешкімнің жолын кескен емес?

– Қалай десем екен?! Шығармашылық тұрғыдан болмаса да, әріптестерімен сөзге келген жағдайлар болды, бірақ ушыққан түгі жоқ.

– Сізге ашығын айтайын, Алуа Дидахметовна. Сахна костюмымен табылғандықтан өлтірген әріптестерінің біреуі болып шығуы ғажап емес. Жасырмай түгел баяндаңыз.

– Жарайды, бір жағдай болған. Талай жылдан бері бірге өнер көрсетіп келе жатқан актер ағамыз театр реквизитарын ұрлап жүріпті. Жалғас соны көріп қалып, бізге жеткізген. Ақыры жұмыстан шығаруға тура келді.

– Содан?

– «Өшімді алмай тынбаймын! Жазасыз кетпейсің!» деп қорқытқан. Сол күні жас актерлардың бірі оны театр маңынан көріп қалған екен. Қызық, жұмыстан шыққалы бері келген емес... Манап ашушаң, қызбалыққа тез салынады, алайда әсірелеп керегі не?! Мен байқағанымды айттым. Ары қарай мәселені өздеріңіз қарарсыздар.

– Көп рахмет! Білесіз ғой, тергеу ісіне әрбір деталь маңызды.

– Театрымызда мынандай жағдай болғаны, әрине, қатты абыржытады. Қылмыскер өз арамыздағы біреу болса, тіптен, елестету қиын. Жас та сотқар шығар, бірақ бәрі өз балаларымдай. Адам өлтіреді деп ойламаймын. Бұл жағдай театрымыздың атақ-дәрежесіне нұқсан келтірмеуі керек. Сондықтан, көмегімді аямаймын. Міне, менің жеке нөмірім. Кез келген уақытта хабарласа беріңіз, – деп қол алысып қоштасты. Кабинеттен шыға салысымен, есіктен тергеушіні Садуақас күтіп алып, театрдан шығатын артқы есікке қарай «жүріңіз» деп жетектей жөнелді. Мекеме басшылығының не айтқанын қызығып сұрамастан, жол бастап кеткеніне қарағанда, бір ілмек тапқан шығар деп соңынан еріп жүре берді.

– Ал, айт! Не біліп қайттың?

– Мынаны қараңыз! – беторамалмен ұстап, сөмкесінен сымарқанды шығарды.– Қоқыстың жанында жатыр. Менің ойымша, Жалғасты осымен өлтірген. Көрдіңіз бе?– темірдегі қанды саусағымен нұқсады.

– Жарайсың, Садуақас!.. Сонда кішкене рөлін сомдап шыққан бойда, оны осында алдап әкеліп, өлтірген болып тұр ғой. Ал мәйітін бірден өзен жағасына әкеткен.

– Оны сөзсіз әріптестерінің біреуі өлтірді.

– Сеніммен айттың ғой!

– Бұл анық. Жалғасты бұнда ешкім жақсы көрмеген. Бастықтарға жағымсып, жеткізіп жүретін. Өткен айда ғана жасы үлкен әртістердің бірін ұстап берген.

– Ол туралы мен де естідім. Барып мекен-жайын алайын. Ал сен сол күні театрға кіргенін кім көрді? Соны анықта.

* * *

– Манап Қайырбек деген сіз бе?– тергеуші көпқабатты үйдің алдынан жұмыссыз актерды күтіп алды. Сыра мен жеңіл-желпі тағам толы кішкене пакет ұстап бара жатқан қырықты алқымдаған ер адам:

– Иә, мен. Ал сіз кімсіз?– деді сынай қарап.

–Тергеуші – Мұрат Ахметұлы. Жалғас Өмірзақтың ісімен келдім. Қала сыртында мәйіті табылды.

– Не деймін енді? «Жатқан жері жайлы болсын» деп сырадан алып қояйын,– бөтелкені ашып, бір ұртап, тергеушінің қасына орындыққа жайғасты. Марқұммен араларындағы өшпенділікті ашық мойындауы қайта сөзінің шынайылығын көрсеткендей. Сасқалақтамай, әр сөзін нық айтуы да пайдасына шешілгенмен, Мұрат психологиялық қысым жасауды жалғастыра берді. Дүйім көрерменді ойынына нандырып жүрген адамға жалғыз-ақ тергеушіні сендіру қиын болып па. Тек кәсібиленген қызметкер сыртқа шығарылған ойды емес, көкейдегі дүниені оқып үйренгенін қайдан білсін.

– Марқұм құрметіңізді ескерер! Ал мен актер екеуіңіздің араңыздағы жанжалды ескеріп келдім.

– Кіммен? Актермен? – ашу мен күлкінің табы бірдей жүзінен көрінді.– Бастықтарға жағымсыған тоқылдақ ол, актер емес.

– Енді дұрыстала бастады. Сіз оны қорқытып, жазасын беремін деп айтқансыз. Сол күні театрдан көргендер бар. Сөзден қашқаннан пайда жоқ.

– Рыцарь костюмының жіптерін кестім. Жоспарым бойынша сахнада тұрғанында ауыр темір үстінен түсіп кетуі керек еді. Елдің алдында ұятқа қалса дедім. Қайдағы өлтіру?!

– Содан?

– Іске аспады. Екінші актының ортасына дейін отырдым да қайтып кеттім.

– Сөзіңізді дәлелдеп беретіндер бар ма?

– Театр маңында досым тұрады, соның үйіне бардым. Керек болса, дәлелдейді.

Күдіктінің алибиін тексеріп, кеңсеге келген бойда Мұрат әдетінше қантсыз қара шай алдыртты. Бір минут болсын күйбең тірліктен, таусылмас қылмыстық оқиғалардан демалуды аңсады. Қала тұрғындарының бәрі қылмыскер болып кеткендей. Бір кінәліні іздеп таппай-ақ, екіншісін мойныңа іледі, нәтижесінде жер-көкті шарлап жүргенің. Жәбірленушінің туыстары ол, департаменттің табалдырығын тоздырып, қара кешке дейін кабинетіңде қамалып отырғандай көреді. Күндіз қала кезу, түнде жүз құжат. Қылмыскерді ұстаумен шаруаң біте қалса, шіркін!..

– Ас болсын!– Садуақас есіктен күлімдеп кірді.

– Рахмет! Шәй ішесің бе? Саған да алдырайын.

– Жоқ, рахмет! Тойып тұрмын. Торттан ауыз тисеңізші.

– Оны кім әкелген?

– Асхат қызметінде көтерілгенін жуып жатыр.

– Сол-ақ бастық бола берсінші. Мен үшін бастысы халыққа қызмет етіп, көпке пайдам тисе болғаны.

– Бұл қызметке сіз лайық едіңіз. Сіздей тергеушілер аз ғой. Асхат аға кінәсіз қызды соттай жаздаған. Көмегіңіз үшін сізге алғыс та айтқан жоқ. Бәрі соның еңбегін ғана көреді екен.

– Садуақас, қазір жағымпаздардың заманы. Қойшы соны. Одан да анаңның жағдайы қалай? Соны айт. Ауруханаға барып, халін білдің бе?

– Иә, сауығып келеді. Бұған қоса ауруханадағы Жалғастың ісіне қатысты бір шаруаны тындырып келдім.

– Ол не шаруа?

Әрбір мұғалімнің басты міндеті оқушының жеке басының қасиеттерін, қабілеттерін дамытып, талантын, шығармашылығын ашу. Ұлы ғалым Д.Менделеев мұғалімдердің ғылымның сарқылмас көзін ашудағы еңбектерін жоғары бағалаған. «Ғылымды сүйген және жақсы меңгере білген мұғалім ғана оқушыларына терең де мағыналы білім бере алады» деген. Болашақта өркениетті елдердің жоғары т технологиясын меңгерту, дүниежүзілік білім кеңістігіне шығу – бүгінгі күннің мақсаты.

Маржан БЕЛГІБАЕВА,
Н.Островский атындағы мектеп-лицейінің бастауыш сынып мұғалімі.

Қабанбай батыр көшесі, 32
Тел.: 41-11-42, 41-11-70. Факс: 41-09-29.
E-mail: alatau_offset@mail.ru, www.alatau.kz@mail.ru

ЖЫР ДӘПТЕРІНЕН

ӘЗІЛ-ШЫНЫ АРАЛАС

БАҒА ТУРАЛЫ

«Жаңа жылға» жалақыны «ептеп» көтерді,
Алыпсатар бағаны «көкке» көтерді.
Бағаның соңынан қуып жете алмай,
Жай халықтың айналып кетті к.......

ТІЛ ТУРАЛЫ

Қазақтың
«Бизнес» тілі - жат жерде,
«Ресми» тілі - қақ төрде!
Мемлекеттік тілі - «портфельде»

* * *

Екі қазақ,
Бірін-бірі «қажап».
Орташадан «төмен»,
Орысшасымен.
Бірі-сұрақ,
Бірі-жауап.
Телеэкраннан,
Орыс тілінде,
Беріп отыр.
Сол «интервьюді»,
Жарты сағат.
Телевидениенің
Видеоинженері мен,
Әлгі екі қазақтың,
Әйелдері ғана-
«Көріп» отыр...

ДӘРІГЕР ҚАРЫНДАСЫМА

Махаббат қызықтарын,
Лентаға тізіп бәрін.
Қойып ем, зерттедің бе,
Кардиограмма сызықтарын.
Ұғам деп шалдың «сырын»,
Қозғадың сезім қылын.
Шау тартқан шағында әне,
Жүрегі жырым-жырым...
Кардиограф айтып тұр ғой,
Ғашықтық «дерттің» жырын.
Лентаға «өрнек» салған,
Сағыныш сағым болған.
Сұлулар тізбегі ғой,
«Инфаркт»-деп жүргенің,
Махаббат іздері ғой.
Жастықтың жазы өтіп,
Кеп қапты күз де міне.
«Пролапс» төмен кетті,
Кардиограмм тізбегінде.
Дәрігер қарындасым,
Бұл шалдың жаны қалсын.
Десеңіз-жүрегінде,
Пәк сезім жалындасын.
Махаббат «періштесі»,
Жебесін дайындасын.
Жүрекке-ғашық derттен,
Басқадай - «диагноз»,
Ешқашан қойылмасын!

БІР ҚҰТЫДАҒЫ «ЕКЕУГЕ»

Әйелім бар өзі би, өзі ханша,
Маза бермес күн батып, таң атқанша.
Қара санға қыл бұрау салса-дағы,
Шыдаймын ғой, қайтейін, амал қанша...
Неге? – десең қолында «құрығы» бар,
«Бәйбішемсің» – дегізер «құқығы» бар.
«Тоқал» да өзі, себебін айтсам егер,
Тоқалдайын назданар «қылығы» бар...

Көнбіс мінез, көнтері еркек неткен,
Көңілінде үнемі ерте көктем.
Бір әйелге «бас ұрса» бәйбішем деп,
Сол әйелді «тоқал» деп, еркелеткен...
О, Бәтіш!

Білемін мен, талайды тамсандырдың,
Долданбашы... «Назыңды» аңсап жүрмін.
Бүгінгі күн жомарт боп, «қыялыммен»,
Сыйлайыншы мыллион Раушан гүлін...

Тәтті ләззат махаббат отауына,
Бір баралық қозыдан от алуға.
Алладиннің сыйқырлы «құтысынан»,
Шыға келер -
«Бәйбішем» де өзіңсің... «тоқалым» да...

ФОНОГРАММА» АЙҚАЙ «ШОУ»

Бір жас әнші ән салды,
Естіген жан «тамсанды».
Шытыр-пытыр қол соқты,
Дауысына «жасанды».

Секектеу де өнер, ә?
Итектеу де мәнер ма?
Белең алып барады,
Фонограмма-«фанера».

Есі «кеткен» ысқырды,
Ысқыра алмас-«қышқырды».
Жақсы әндерді «х... ит» әндер,
Шетке қарай «ысырды».

Ақша тесіп көмейді,
Ойнақы ән көбейді.
Ауылда да, қалада,
Ауқымы оның кеңейді.

Бәйге «алмақ» боп шабыссыз,
Қалмайын деп «табыссыз».
Фанераға «сыйынар»,
Әнші-сымақ «дауыссыз».

Шәмшінің әні Әсеттің,
Қалды ма болмай «қажетің».
Өзбек, Түрік мақамы,
«Елірген» елді мәз еттің.

Қазақша әндер әдемі,
Сөзінде мәні бар еді.
Тәрбие, тәлім тоғысқан,
Флософияның әлемі.

Сөйлесе алмай тойларда,
Бір-біріне «ымдаумен».
Үйге «шаршап» қайтасың,
Даң-дұң әнді «тыңдаумен».

КРЕДИТ ӨМІР

Шат өмірді көңіліміз құп алған,
Күнтізбеміз «кредиттен» құралған.
Кеше ғана бір кредитпен қоштассақ,
Енді бірі қол бұлғаумен тұр алдан.

Тақыр кедей, аш болсақ та «бұралған»,
Көңіл шіркін кредитпен жұбанған.
Ел қатарлы алдық қой!-деп әйелім,
Жаңа алған кредитіне «қуанған».

Бір кредит бір жыртыққа жетеді,
Үш жыл болар «пайызымен» өтеуі.
Кредиттен кредитке кірумен,
Қайран өмір қарайламай өтеді...

Жоқшылықтың бітпейді ғой «мәйпеңі»,
Кредитсіз өмір жоқтай, әй, тегі...
Үш кредиттің «бонусы» деп, банктер,
Бір-бір тоқал тегін берсе қейтеді?!

Қыдыр БАЙДҮЙСЕНОВ
ТЕКЕЛІ ҚАЛАСЫ

ҰСТАЗ ОЙЫ

ТӘРБИЕ - тал бесіктен

Отбасындағы бала тәрбиесі халық өмірімен, қоғамның мақсат-міндеттерімен байланысты болуы керек. Баланың жақсылығын да, жамандығын да, жемісі мен жеңісін де көретін ата-анасы.

Қай заманда болсын, ата-ананың басты арманы – баласының инабатты, ізетті, еңбексүйгіш, ержүрек, адал, қайырымды болуы. Соған өз балаларын тәрбиелейді. Тәрбиенің түп тамыры – ұлтты қадірлеу, ұлттық әдет-ғұрыпты дамыту, ұлттық дәстүрді жандандыру, ұлтаралық достық қарым-қатынасты нығайтуға үйрету. Сабақ та, тәрбие де осы бағытта болса ғана баланы ортаға қарап тәрбиелеген боламыз, сонда ғана оның адамгершілігі қалыптасады. Адамды құрметтеуге тәрбиелеуіміз қажет.

«Қазақстан – 2050: бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ» атты жолдауында «Бала тәрбиелеу – болашаққа үлкен инвестиция» деп жалғастыра келе, «баланы жалғыз тәрбиелеп жатқан аналарға көмек көрсету, олардың икемді еңбек түрлерін қалыптастырып, үйде жұмыс жасауларына жағдай туғызу керек. Әйел адам ең алдымен – ана. Ал ана – отбасының, мемлекеттің шамшырағы» деп баса назар аударады. Бұл тұжырымды ойлар әйел мен бала тағдырының мемлекет үшін маңызды мәселе екенін ескере отырып, қоғамдық және отбасылық тұрғыдан нақты қадамдар жасау болып табылады.

Қазіргі мақсатымыз «Мәңгілік Елдің» ертеңгі болашағын ойлайтын азаматтарды тәрбиелеу.

Еліміз егемендік алып, өз мәртебесі биіктей түскен шақта ең алғашқы алға қояр міндеттің бірі – бала тәрбиесі – егемеңді еліміздің болашағын жалғастырушы ұрпақ тәрбиелеу. Ал сол жас ұрпаққа тәрбие беретін бүгінгі тәрбиеші – мамандар тәрбиелеу мен білім берудің жаңаша жетілдірілген әдістәсілдерін іздестіріп, күнделікті жұмыс барысында жаңашыл бағыттар қарастырып, оны өздерінің іс-тәжірбиесінде қолданып отырса, бала тәрбиесі алға басары сөзсіз.

Гүлмира МАГРУФОВА,
«Н. Островский атындағы мектеп-лицейі» бастауыш сынып мұғалімі.
САРҚАН АУДАНЫ

ДЕНСАУЛЫҚ

АРТЕРИЯЛЫҚ ГИПЕРТЕНЗИЯНЫҢ АЛДЫН АЛУ

АРТЕРИЯЛЫҚ ГИПЕРТЕНЗИЯ КЕҢ ТАРАЛҒАН АУРУЛАРДЫҢ БІРІ. БҰЛ АУРУ ТЕЗ ЖАСАРЫП КЕЛЕДІ.

Статистикаға қарасақ, ер адамдар әйелдерге қарағанда гипертониямен жиі ауырады, әсіресе егер бұл жасқа байланысты болса, гормоналды теңгерімсіздік байқалады. Балаларда ауру ересектерге қарағанда аз кездеседі. Егер бала ерте жаста дұрыс емделмеген болса, басқа себептермен туа біткен ақаулардан туындаған. Тұқым қуалайтын болуы мүмкін. Артериялық гипертензияның өзіне тән клиникалық белгілері болады. Осы клиникалық белгілерін адам ажырата алса, онда артериялық гипертензия ауруының асқынуының алдын алуға іс-шаралар жасай алады. Клиникалық белгілері: бастапқы кезеңде де науқастар еңбекке қабілеттіліктің төмендеуіне, жалпы әлсіздікке, жұмысқа ден қоя алмауына, ұйқысыздыққа, өтпелі бас ауруына, бас айналуға, құлақтың шуылдауына, бастағы ауырлық сезіміне, бас ауруы мен бас айналудың тұрақты сипаттауына шағымданады. Гипертонияның пайда болу себептерін білгені, бұл науқас үшін өте маңызды болып табылады. Пайда болу себептері: стресс, ас тұзын шамадан тыс қолдану, дене қимылының аздығы, дұрыс ұйықтамау, ішімдік көп мөлшерде ішу секілді зиянды әрекеттер жатады. Сол себепті әрбір адам осы белгілерді есте сақтап, өз денсаулығын қадағалауға үйрену қажет.

Гипертония проблемасының маңыздылығы қазіргі қоғамда оның жеткіліксіз бақылауымен байланысты. Яғни, қазіргі кезде көп адам өз денсаулықтарын бақыламай, қан қысымдары көтерілгенін білмей және сол кезде қандай алғашқы көмек жасайтынын білмей көп жағдайда денсаулықтары нашарлап, жедел жәрдем шақырып, ауруханаға түсіп жатады. Менің мақсатым гипертониктер өз денсаулығын күнделікті қадағалап, бақылауға алса деймін. Төмендегі іс-әрекеттерді науқас өзін-өзі бақылау үшін үйренсе, өз денсаулығын жақсартуға жасаған бір қадамы болар еді.

Күнделікті таңертең және кешке өз қан қысымын өлшеп және қандай дәрі-дәрмек ішетінін білсе; қан қысымды өзі өлшей алмаса, онда үйіндегі адамдар (балалары, немерелері, жолдасы т.б.) қан қысымды өлшеп үйреніп, күнделікті өлшесе, яғни күтім жасаса; ас тұзын және майлы тағамдарды жеткілікті мөлшерде ғана қолданса, күнделікті тағамдарын қадағалап, диета сақтаса; стресс, депрессия, ашуланудан аулақ болса; түн ұйқысы қанған және тыныш болса; зиянды әрекеттерден (ішімдік, темекі т.б) аулақ болса, салауатты өмір салтын сақтап осы іс-әрекеттерге немқұрайлы қарамай, өз денсаулығының қадір-қасиетін білсе осыда жеткілікті.

Жоғары қан қысымы өте қауіпті, себебі оның алдын ала сезілетін белгілері болмайды. Бір жақсысы, сіз үнемі өлшеп отыру арқылы қан қысымыңыз жоғары болса, оны төмендету үшін шаралар қолдана аласыз. Егер қан қысымыңыз қалыпты болса, оны сол деңгейде қалай ұстап тұру қажетін білген жөн.

Ақбота БЕКЕШОВА,
ШЖҚ «Талдықорған жоғары медициналық колледжі» МКҚ «Мейіргер ісі» 502 тобының түлегі.

Қабанбай батыр көшесі, 32
Тел: 41-11-42, 41-11-70. Факс: 41-09-29.
E-mail: alatau_offset@mail.ru, www.alatau.kz@mail.ru

ОБЩЕСТВО

ОО «КОС КАНАТ ЖЕТІСУ» НЕПРАВИТЕЛЬСТВЕННАЯ ОРГАНИЗАЦИЯ, ОСНОВНОЙ ДЕЯТЕЛЬНОСТЬЮ КОТОРОЙ ЯВЛЯЕТСЯ УСИЛЕНИЕ МОТИВАЦИИ ЛЮДЕЙ В ОТНОШЕНИИ ВЫБОРА И ПОДДЕРЖАНИЯ ЗДОРОВЫХ ФОРМ ПОВЕДЕНИЯ.

СОЦИАЛЬНОЕ ПАРТНЕРСТВО - ЗАЛОГ УСПЕХА!

Опыт работы в НПО и положительные рекомендации со стороны социальных партнеров позволили сотрудникам создать самостоятельную организацию, главным направлением которой является профилактика ЗОЖ и сохранение здоровья граждан. Главный потенциал организации сложен из команды профессиональных сотрудников: социальных работников, психологов, консультантов, привлеченных медицинских специалистов и сотрудников кабинетов ЗОЖ.

Участие в государственном социальном заказе имеет огромное значение в развитие организации, дает возможность сотрудникам использовать и приумножать свои знания, умения и навыки и разрабатывать новые формы работы с бенефициарами. Осуществляя социальную работу, команда сотрудников организации находится в постоянном процессе обучения и совершенствования своих профессиональных способностей.

Сильной стороной организации является опыт участия в конкурсах и реализация проектов и грантов. Это отличает организацию высокой степенью готовности к передаче своего опыта специалистам, направляющим свои усилия на повышение качества жизни населения Алматинской области.

В декабре, по итогам реализации государственного социального заказа, организованного ГУ Управлением здравоохранения Алматинской области, было проведено 4 обучающих тренинга на тему «ВИЧ/ТБ – в центре внимания!». Участниками тренингов стали сотрудники кабинетов ЗОЖ со всех регионов Алматинской области общим охватом 25 человек. Модераторами мероприятия выступили врачи эпидемиологи Алматинского областного центра по борьбе и профилактике со СПИД, специалисты противотуберкулезной службы, международный коуч – тренер. Подготовка специалистов велась по следующим блокам:

Обучение основным этапам профилактики туберкулеза среди молодежи, как направлению социальной работы;

Улучшение качества работы с различными людьми без ограничений своих возможностей;

Мастер класс по использованию творческих средств работы на тему «Я хочу провести тренинг»; «Символ борьбы с ТБ».

Блок «Открытый микрофон» позволил участникам получить ответы на интересующие вопросы, рассказать о своем опыте работы и внести интересные предложения по улучшению работы ЗОЖ кабинетов.

Участие в тренинге дало возможность специалистам ЗОЖ повысить уровень информированности о туберкулезе, как о социально-значимом заболевании, раскрыть основные формы и методы профилактики туберкулеза среди молодежи, как направления социальной работы, разобрать способы улучшение качества работы с целевыми группами.

Но главный успех работы заключался в дальнейшем проведении тренингов на местах. Все подготовленные специалисты провели в своих регионах профилактические мероприятия с участием школьников и студентов с использованием творческих средств информирования, при которых степень усвоения материала происходит быстрее. Более 700 подростков приняли активное участие в профилактических мероприятиях. В итоге можно смело утверждать - совместная деятельность НПО и медицинских организация – залог успешного сотрудничества!

ОДНА ИЗ ПРОБЛЕМ РАСПРОСТРАНЕНИЯ ВИЧ/СПИДА ЗАКЛЮЧАЕТСЯ В ТОМ, ЧТО, ПРИБЕГАЯ К УПОТРЕБЛЕНИЮ ЗАПРЕЩЕННЫХ ПСИХОАКТИВНЫХ ВЕЩЕСТВ, БЕСПОРЯДОЧНОЙ ПОЛОВОЙ ЖИЗНИ, МОЛОДЕЖЬ ДЕЛАЕТ СВОЙ СОБСТВЕННЫЙ ВЫБОР. НО СВОБОДА ВЫБОРА ЗАВОДИТ В ТУПИК.

ВИЧ - УСТАНОВИ ЗАЩИТУ!



Психика подростка устроена таким образом, что всегда где-то в глубине души хранится уверенность – «со мной беды не случится, я сильный, я смогу это контролировать». И даже длинный перечень известных людей ушедших в другой мир, кто так же был уверен в своих силах и чувстве меры, не убеждает. И горька истина, что данный аспект все равно рано или поздно искалечит жизнь.

Являясь неправительственной организацией, ОО «КОС КАНАТ ЖЕТЫСУ» вместе со своим штатом, общественными работниками и волонтерами стремится целенаправленно проводить просветительную работу среди учащихся общеобразовательных учреждений и колледжей во всех районах Алматинской области с целью предупреждения распространения ВИЧ-инфекции в рамках реализации социальных проектов и общественной деятельности. Профилактические мероприятия были проведены под девизом «ВИЧ – Установи защиту!»

Информационные встречи и тренинги по профилактике ВИЧ сотрудниками ОО «ҚОС ҚАНАТ ЖЕТІСУ» с привлечением специалистов кабинета ЗОЖ всех районов были направлены на углубление знаний школьников о ВИЧ/СПИДе, путях передачи ВИЧ, формирование убеждения в том, что соблюдение здорового образа жизни, избегание форм поведения, опасных для жизни и здоровья - эффективная профилактика ВИЧ – инфекции с использованием творческих приемов. Перед проектной командой стояла очень важная задача: добиться того, чтобы молодое поколение выросло не только крепким и здоровым, но и – обязательно! - инициативными, думающими личностями , способными на творческий подход к любому делу, поэтому актуально рассматривать вопрос о развитии умственных способностей учащихся через творческие задания. Ребята на тренингах посредством рисования, аппликации и групповых творческих заданий выражали свое мнение к проблеме распространения ВИЧ-инфекции в молодежной среде.

Мы активно и ответственно подошли к данной проблеме. Привлечённые специалисты ЗОЖ, преподаватели, учащиеся и жители Алматинской области проявляли интерес и выражали свою солидарность и участие. Можно с уверенностью сказать, что заданные цели и задачи. достигнуты. Благодаря скоординированной работы проектной команды 684 участника получили информационную и профилактическую поддержку.

ВИЧ – классический пример инфекции, которую «легче предупредить, чем лечить». Хотя вакцина от ВИЧ ещё не разработана, вирус, на счастье человечества, не распространяется ни воздушно-капельным, ни бытовым путём. Способов его передачи немного, и их вполне реально контролировать.

Как защититься от ВИЧ? ВИЧ-инфекция – это, прежде всего, болезнь поведения. Заразитесь вы или нет, в основном зависит от того, как вы поступаете.

ОО «КОС КАНАТ ЖЕТЫСУ»

ГЕНДЕР

БУДУЩЕЕ СОЦИАЛЬНОЙ СФЕРЫ

Концептуальной базой гендерной политики в Казахстане является Концепция государственной политики улучшения положения женщин. Концепция определяет основные принципы, приоритеты и задачи гендерной политики в Казахстане. К задачам гендерной политики в Казахстане относятся: достижение сбалансированного участия женщин и мужчин во властных структурах; обеспечение равных возможностей для экономической независимости, развития своего бизнеса и продвижения по службе; создание условий для равного осуществления прав и обязанностей в семье; свобода от насилия по признаку пола. Концепция гендерной политики в Республике Казахстан рассчитана на современный период, а также на долгосрочную перспективу (до 2030 г.).

Будущее социальной сферы - реализация гендерной стратегии. Ее специфика заключается в создании условий межгендерного согласования, удовлетворяющего потребностям и интересам женщин и мужчин; в развитии соответствующих технологических средств, процедур, связанных с нормами и правилами гендерного равенства, обеспечивающих организацию социальных ресурсов трудового, образовательного, медицинского, защитного характера; в установлении международных стандартов гендерного равенства, встраивающих региональные институты и структуры в социальные процессы. Большая гибкость жизненного курса и жизненных стратегий предполагают, что гендерные отношения будут еще более модифицироваться, будут усиливаться профессиональная мобильность и сфера занятости.

Как показывает международная практика, существенное влияние на уровень функциональной устойчивости семьи оказывают модели гендерных отношений. Чем выше уровень гендерного равенства, тем больше ответственности, паритетности и результативности в выполнении членами семей своих бытовых, экономических, нравственно-воспитательных, защитных и других важных функций. Таким образом, становится очевидным, что формирование условий становления современной устойчивой семьи и достижения гендерного равенства является неразрывным процессом социальной модернизации общества.

Разработка комплексной Концепции семейной и гендерной политики в Республике Казахстан как связующего звена между действующими концепциями в области конкурентоспособности и социального развития представляется очевидной и обоснованной необходимостью и одним из принципиальных условий успешной интеграции Республики Казахстан в мировое сообщество.

Ертис ОМАРОВ,
судья Талдыкорганского городского суда.

МЕДИАЦИЯ

ВЫГОДНЫЙ СПОСОБ УРЕГУЛИРОВАНИЯ СПОРОВ

Всем известно, большинство лиц, считающих, что их права кем-то нарушены, обращаются за защитой в правоохранительные органы и суды. Однако, встречаются и такие ситуации, где немало и таких, которые пытаются урегулировать конфликт иными способами: совершают самоуправство, применяют физическое и психическое насилие и т.п. Такие методы защиты своих действительных или предполагаемых прав нередко граничат с нарушениями закона, и как следствие - влекут установленную законодательством ответственность.

После распада СССР находившиеся в составе республики обрели независимость. Тридцать лет назад 16 декабря 1991 года в Казахстане был принят Закон «О независимости и суверенитете государства», и с этого момента в стране в этот день празднуется как Днем независимости Казахстана - главным национальным праздником Республики Казахстан.

Кроме экономических реформ в независимом Казахстане были проведены политические реформы, которые заметно повысили авторитет Республики на международной арене. Казахстан является членом международных и региональных организаций, известен как надежный партнер как западных, так и восточных государств.

С момента провозглашения национальной независимости стали для Казахстана периодом упорного, тяжёлого труда по воссозданию абсолютно новой демократической системы государственных институтов, оптимизации политического режима и правовых отношений, страна претерпела массу глобальных изменений. Был учрежден 2-х палатный Парламент, создана судебная система, объявлена новая столица. Появились Вооруженные силы, Республиканская гвардия, пограничные войска и военно-морской флот. Казахстан добровольно отказался от применения ядерного оружия на своей территории и провозгласил себя страной свободной от ядерного оружия.

Наша страна строит сегодня полиэтническое государство. Представители более 120 национальностей живут и трудятся на всей большой территории Казахстана под мирным небом в мире, дружбе, согласии. Наш Казахстан всегда называли «лабораторией дружбы народов». В наши дни, на фоне нынешних мировых событий наша республика попрежнему сохраняет этот статус. Более того, мы стали намного сильнее благодаря нашему главному богатству — дружбе народов.

Независимость Казахстана продемонстрировала особый подход к глобальной политике, наладить прочные отношения с многочисленными международными партнерами. Если посмотреть на ситуацию во всем мире, то многосторонний подход находится под большим давлением, чем когда-либо. Конфликты, напряженность и недоверие можно обнаружить почти на каждом континенте. В настоящее время мир переживает один из самых неопределенных периодов своей новейшей истории.

Арайлым МЫНЖАНОВА,
судья Коксуского районного суда.

Алатау
Қабанбай батыр көшесі, 32
Тел.: 41-11-42, 41-11-70. Факс: 41-09-29.
E-mail: alatau_offset@mail.ru, www.alatau.kz@mail.ru

ФУТБОЛ

ФУТБОЛ ОЙНАҒЫМ КЕЛМЕДІ. БРАЗИЛИЯҒА БАРЫП ҚАЙТҚАН РАУАН САРИЕВ ҚАЗІР ҚАЙДА ЖҮР?

«ОЛЕ БРАЗИЛ» ЖОБАСЫ АЯСЫНДА ФУТБОЛ ӘЛІППЕСІН ҮЙРЕНУГЕ БРАЗИЛИЯҒА БАРҒАН АЛҒАШҚЫ ТҮЛЕКТЕРДІҢ ІШІНЕН ЖАРҚ ЕТІП КӨРІНГЕН, КЕЙІННЕН СОЛ ЕЛДЕ ҚАЛЫП «БОТАФОГО» САПЫНДА ДОП ТЕУІП, ОДАН КЕЙІН ЕЛГЕ ОРАЛҒАНДА «ҚАЙРАТ», «ОРДАБАСЫ», «ЖЕТІСУ» КЛУБТАРЫНДА ОЙНАҒАН, ӨЗ КЕЗЕГІНДЕ ТАЛАНТТЫ ЖАС САНАЛҒАН РАУАН САРИЕВТЕН ФУТБОЛ ЖАНКҮЙЕРЛЕРІ БҮГІНДЕ КӨЗ ЖАЗЫП ҚАЛҒАНЫ АНЫҚ. ҚАЗІР РАУАН НЕ ІСТЕП ЖҮР, ҚАНДАЙ ҚЫЗМЕТТЕ?

– Бүгінде футбол жанкүйерлері Рауанды іздейді. Қазір қайдасың, немен айналысып жүрсің?

– Бүгінде өзім туып-өскен ауылда (Алматы облысы, Ескелді ауданы, Бақтыбай ауылы) 2012/13 жылдары дүниеге келген балаларды футболға дайындаймын.

– 2019 жылы «Жетісу-Б» сапында Бірінші лиганың екі ойынына шықтың, одан кейін алаңда көрмедік. Шақырту болмады ма, әлде басқа себеп болды ма?

– Шыны керек, футбол ойнағым келмеді. Жиі жарақат алдым. Әр қозғалысқа жарақатым кедергі болды. Содан кейін өзім «осымен доғарайын» деген шешімге келдім. Басқа себеп жоқ.

– 2015 жылы «Ордабасыдан» кейін төрт жыл үзіліс алып, одан кейін Бірінші лигада ойнадың. Сол аралықта өзіңді «Ақжайықпен» оқу-жаттығу жиынында болды деген, алайда көрмедік.

– Иә, оқу-жаттығу жиынына қатыстым, бірақ бірінші күні сіңірімді зақымдап алдым. Одан кейін Алматыға келіп, бірден ота жасаттым. Емделу, қайта қалыпқа келу процесі ұзақтау болды. Үзілістің төрт жылға созылғаны да, «Ақжайықта» ойнамауымның да себебі осы.

– «Жетісудың» биылғы премьер-лигадағы ойынына қандай баға бересің? Не жетпеді және қай тұсында артық болды?

– Ойындарды жібермей қарадым дей алмаймын, арасында көре алмай қалған сәттер болды. Біздің ойыншылардың барлығы жас болғандықтан тәжірибенің жетпегендігі белгілі, ал басқалардан артық тұрған тұсы – командамызда жергілікті ойыншылар көп ойнады. Жігіттерге ризамын. Ойындары жақсы. Осы қалыптан шықпау керек. Бір қазақтың баласы биікке шығып жатса, шын қуанамын. Ал биыл «Жетісуға» келген легионер ойыншылар өздерін ақтаған жоқ деп ойлаймын. Оның қасында Аслан Әділ, Рауан Орынбасар, Айбар Жақсылықов сынды жетісулықтардың ойыны ерекше болды.

– Айбар демекші, екеуің көрші ауылдансыңдар ғой. Ұлттық құрамада да ойнап жүр. Ол жігіт туралы да айтып өтсең.

– Иә, Балпық би кентінде (ред.Алматы облысы) жаттығып жүргенде ініміз бізбен бірге доп тебетін. Қазір жақсы нәтиже көрсетіп жатыр. Оны қашанда қолдаймын, карьерасында үлкен жетістіктерге жете беруін тілеймін.

– «Оле Бразил» жобасы туралы да айта кетсең. Бұл жоба өзін ақтады ма?

– Ақтады деп ойлаймын. Өйткені бізбен бірге барған балалардың арасынан төрт-бес жігіт ойнап жүр. Бізден кейін де Бразилияға барғандардың ішінен әлі ойнап жүргендер бар. Енді 25 бала барса, соның 25-і де футболмен айналысып кетпейді ғой. Ішінен іріктеліп қалады, електен өтеді. Сондықтан, бұл көрсеткішті жаман деп айта алмаймын.

– Бразилияда футболдан басқа не үйрендің?

– Тілді үйрендік. Мәдениетін түсіндік.

– Бүгінде жаттықтырушымын дедің ғой. Балаларды футболға дайындауда неге мән бересің?

– Балалардың іргетасын мықтап бекіту керек. Бүгінгі жұмыс сол. Доппен техника. Алаңды доппен көре білу сияқты жаттығуларды жүргізіп жатырмын. Жаттығуда әр балаға доп беріп, оның техникасын дамытуға күш салу керек. Бес ай ішінде үлкен жетістікке жетіп жатырмыз деп айтсам, өтірік болар. Ал ірілі-ұсақты турнирлерге қатысып, өзімізді ақырын-ақырын дамыудамыз. Командамның аты – «Бақтыбай ФК». Әрқайсысынан үміт күтемін. Өзім жетпеген жетістікке солардың жетуін тілеймін.

– Сұхбатыңызға рақмет!

Серік ҚАНТАЙ

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ЖАРЫС

БИЛЬЯРДШЫЛАР ЖИНАЛЫП, ЕКІ КҮНДІК ЖАРЫС ӨТКІЗДІ

Талдықорғанда бильярдтан «Жетісу» командасының капитаны болған, осы саланың дамуына зор үлес қосқан Талғат Мизамбековті еске алуға арналған республикалық жарыс өтті. «ZVEZDY» бильярд клубында жалауы желбіреген бәсекеге 80-нен астам тастаяқ шебері қатысты.



Турнирдің ашылу салтанатында сөз алған облыстық бильярд федерациясының директоры Тоқтар Есімов жарысты ашық деп жариялап, қатысушыларға сәттілік тіледі.

Осыдан кейін Талғат Темірбекұлының анасы Күләш, әпке-бауыры сөз алып, бильярдтың майталманы жайлы жылы естеліктер айтты.

Додаға бильярд ойынының жілігін шағып, майын ішкен кіл мықтылар келді. Олардың қатарында атынан ат үркетін халықаралық дәрежедегі спорт шеберлері бар. Екі күнге созылған бәсеке тартысқа толы болды.

Сайыстың қорытындысы бойынша 1-орынды және 400 000 теңгенің сертификатын алматылық Фархат Қосжанов еншіледі. Тұғырдың екінші сатысынан көрінген Алмас Әбсейіт 200 000 теңгені иемденді. 3-4 орыннан көрінген Мирас Сақтаған мен Дінмұхамед Сауытов 100 000 теңгені қанжығасына байлады. Спортшылар жарыстың өтуіне мұрындық болып, «ZVEZDY» бильярд клубын ашқан Александр Лиға алғысын білдірді. Сайыс соңында марқұмға ас беріліп, Құран бағышталды.

Айдар ҚАЛИЕВ

БОКС

Қазақтың кәсіпқой боксшысы Айдос Ербосынұлы былтырғы жылдың қыркүйек айында гайаналық Аллен Ленноксты ұрып жыққан соң ресейлік Евгений Шведенкомен күш сынасуға тиіс еді.

КУБАЛЫҚПЕН КҮШ СЫНАСУЫ МҮМКІН

Аталған жекпе-жекте жеңіске жеткен боксшы IBҒ нұсқасы бойынша екінші орта салмақтың чемпиондық белбеуі үшін таласуға мүмкіндік алатын еді. Алайда қандасымыз коронавирус жұқтырып алып, ол кездесу өтпей қалды. Қазір Ербосынұлының командасы кубалық Дэвид Моррельмен келіссөз жүргізуде. 81 кило салмақта өнер көрсеткен Бостандық аралының өкілі 2016 жылы жастар арасында әлем чемпионы атанып, ересектердің ел біріншілігінде күміс медальды мойнына ілді. Есесіне келесі жылы Куба чемпионатында қарсылас шақ келтірмей, бас жүлдені олжалады. 2019 жылдан бері кәсіпқойлар арасында жұдырықтасып жүр. Сол аралықта алты кездесу өткізіп, барлығында жеңіске жетті. 23 жастағы кубалық қабылан қазіргі кезде WBO нұсқасының алтын белбеу иегері.

30 жастағы Айдос Ербосынұлы кәсіпқойлар арасында күш сынасып жүргеніне алты жылдан асты. Сол аралықта 16 рет рингке шыққан қазақ боксшысы барлық бәсекені өз пайдасына шешіп, 11 қарсыласын есінен тандырды.

Egemen.kz

ОЛИМПИАДА – 2022

ҚАЗАҚСТАН БЕЙЖІҢДЕ ӨТЕТІН ҚЫСҚЫ ОЛИМПИАДАҒА 8 СПОРТ ТҮРІНЕН 82 ЖОЛДАМА АЛДЫ

17 қаңтар күні ақ Олимпиада ойындарына арналған барлық іріктеу және рейтингтік додалар аяқталып, басым бөлігі үлестірілді. Нәтижесінде Қазақстандық атлеттер спорттың 8 түрінен 82 жолдамаға қол жеткізді, деп хабарлайды Egemen.kz Olympic.kz сайтына сілтеме жасап.

Шаңғы жарысы бойынша 30 жолдама қоржында. Фристайлшылар тоғыз жолдамаға ие болған. Оның ішінде могул бойынша – 5, акробатика бойынша 4 жолдама бар. Конькишілер мен биатлоншылар – 12, шорт-трекшілер тоғыз жолдаманы қоржынға салды. Тау шаңғысы мен шаңғымен тұғырдан секіру спортынан ел құрамалары төрт жолдамадан еншілесе, шаңғы қоссайысынан отандық спортшылар екі лицензияға иелік етті.

Бүгінгі таңда олимпиадалық құрама сапына 32 спортшы енді. Айта кетерлігі, бұл спортшылардың соңғы әрі нақты саны емес. Себебі ҰОК кейбір спорт түрлерінен халықаралық федерациялардың лицензияларды қайта бөлу, үлестіру нәтижелерін күтуде. Атап айтқанда, биатлон, шаңғы жарысы, могул және акробатикадан тағы да жолдамалар үлестірілуі мүмкін. Олимпиада ойындарына қатысатын спортшылардың соңғы әрі нақты тізімі 20 қаңтардан кейін белгілі болады.

ОЛИМПИАДАДА ЕЛ АТАУЫ ҚАЗАҚША ЖАЗЫЛАДЫ

Қазақстан тарихында тұңғыш рет олимпиадалық құраманың формасы қазақша QAZAQSTAN деген атаумен шығады, деп хабарлайды Egemen.kz Olympic.kz-ке сілтеме жасап.

Маңызды элементті халықаралық белгіден ұлттық белгіге өзгерту үшін Халықаралық Олимпиада комитетінен арнайы рұқсат алынды. Бұл ретте Қазақстан ХОК-тың үш әріптік кодтарының тізімінде KAZ белгісімен қала береді. Өйткені аббревиатура халықаралық стандартқа сәйкес пайдаланылады.

Қазақстан ҰОК ана тілінде дайындалған олимпиадалық киім-кешектің маңызды элементтерінің бірі атлеттерге сенімділік беріп, олар үшін отандастарды қолдаудың символына айналатынына сенеді.

«Олимпиада ойындары – ең алдымен үздік атлеттер өз байрағымен шығатын достық пен бейбітшіліктің үлкен фестивалі. Бұл тек спортшылар үшін ғана емес, өз командаларын қолдайтын барлық жанкүйер үшін маңызды оқиға. Олимпиада кезіндегі кез келген жабдыққа басты назар аударылады. Сондықтан ел атауының QAZAQSTAN деп жазылуы – ұлттық құраманы және бүкіл елді әлемдік қауымдастық алдында өте маңызды қадам болып саналады. Қазақ мәдениетінің ұлттық элементтері форма дизайнында халықтың салт-дәстүрлері мен өзіндік ерекшелігін ерекше атап өту үшін әрқашан да маңызды рөл ойнайтын. Біздің шетелдік әріптестеріміз жаңа жазуға жоғары баға берді. Біздің атлеттерге де форманың жаңа элементі ұнайтынына сенімдіміз. Олимпиадашылар – Қазақстанның шетелдегі маңызды елшілері. Сондықтан біздің отандастарымыз біздің командамызға – өз командасына қолдау көрсетеді деп үміттенеміз», деп атап өтті еліміздің Ұлттық Олимпиадалық комитетінде.

Egemen.kz

Қабанбай батыр көшесі, 32
Тел. : 41-11-42, 41-11-70. Факс: 41-09-29.
E-mail: alatau_offset@mail. ru, www. alatau. kz@mail. ru

ӨНЕРГЕ ҚАНАТ ҚАҚҚАНДАР

БАЛАҢЫЗ ҚАНДАЙ ҮЙІРМЕГЕ БАРЫП ЖҮР?

__Сымбат БЕКТҰРҒАН:__ – Облыс орталығынан орын тепкен «Мейірім» шығармашылық орталығының балаларға үйретері көп. Оннан астам үйірмесі бар және білікті мамандар сабақ береді. Олар оқушыларға ұстаздық қана танытып қоймай, сонымен қатар құрбы-құрдас ретінде араласып, бар білгендерін үйретуде. Құрылғанына бір жыл толмаса да үйірмеге қатысушы балаларды және солардың өнеріне қуанған ата-аналарды көруге болады. Осы орайда орталықтың барша ұстазына алғыс айтқым келеді.

Осы мекеменің үйірмелеріне жанұямыздың үш баласы қатысады. Қызым – Мейірім Оралбай, жасы жетіде. Қаладағы №28 IT лицей-мектебінің 2 сыныбында оқиды. Атына заты сай еркеміз отбасында үш ұлдың арасындағы жалғыз қыз. Сабақтан тыс уақытын ұтымды пайдаланып, үнемі ізденіс үстінде жүретін қызым аталған мекеменің «Кестелеу өнері» және «Ағылшын тілі» үйірмелеріне қатысады. Ағасы – Әлинұр аталған мекемеде «Видеомонтаж», інісі – Әмірхан «Мүсіндеу» сабақтарына қатысуда.

«Кестелеу» үйірмесіне қатысқалы ине ұстап, тігуді үйреніп, оны хоббиіне айналдырды. Арасында уақыт тауып, би өнерін бірге алып жүр. Бірнеше республикалық байқауларда математика және көркем жазу пәнінен топ жарды. Ақжарқын мінезінің арқасында ол сыныптастарымен, үйірмеге қатысатын құрбыларымен де жақсы араласып, өз ортасында орны бар сыйлы қыз болып өсіп келеді.

* * *

__Назима ИСАЕВА:__ – Қызым – Исмаил Раяна Ердәулетқызы, 5 жаста. Қаладағы 28 IT мектеп-лицейінде оқиды. Отбасында екі қыз болып тәрбиеленуде. Әпкесі Зеремен өте жақсы қарым-қатынаста. Сабақтан тыс уақытта кітап оқығанды және сурет салғанды жақсы көреді. Қызым кішкентайынан талантты, дарынды болды. Балабақшаға барып жүргенде көптеген шығармашылық байқауға қатысып, дипломдар мен марапаттар алған. Достарының барлығымен тату тәтті. Үйірмеге қыркүйек айынан бастап барады. «Бейнелеу өнері» үйірмесіне қатысады. Сабақтан қалмай қатысуға тырысады. Қызым бұл орталықтан өзіне керекті көптеген нәрселер үйренді. Алдағы уақытта да орталықтың басқа үйірмелеріне қатысуға ниеттіміз. Қызым тіпті жазғы демалыста да үйірмеге қалмай барамын дейді.



* * *

__Алтынай ОМАРОВА:__ – Ұлым – Ерден Саматұлы. Жасы сегізде. Қаладағы 28 IT мектеп-лицейінде оқиды. Отбасында тұңғышымыз, артынан ерген екі інісі бар. Ұлым өте бауырмал, інілері үшін қатты уайымдайды, жауапкершілігі өте мол. Бос уақытында есеп шығарғанды, сурет салғанды жақсы көреді. Айналасындағы жандармен тез тіл табысып кетеді. «Мейірім» орталығының үйретері көп. Әр ұстаздың өзіндік сабақ беру тәсілдері бар. Сабақтар да қызықты өтеді. Ұлым осы орталыққа барғалы бері сөзі күрделі өлеңдерді тезірек жаттайтын болды.

«Мейірім» орталығында балаларға білім беріп жүрген ұстаздарға алғыс айтамын. Шәкірттері әрқашан биіктен көрініп, үлкен дәрежеге жете берсін.

ӨЗ ТІЛШІМІЗ

ПАЙДАЛЫ КЕҢЕС

ҮЙДЕГІ АУАНЫ ҚАЛАЙ ТАЗАРТАМЫЗ?

АДАМДАР ЭКОЛОГИЯНЫҢ ЖАМАН ЕКЕНДІГІН АЙТЫП, НАРАЗЫЛЫҚ БІЛДІРІП ЖАТАДЫ. АЛАЙДА, ҮЙДЕГІ АУА КӨШЕДЕГІГЕ ҚАРАҒАНДА 5 ЕСЕ ЛАС ӘРІ 10 ЕСЕ УЛЫ БОЛУЫ МҮМКІН. ОЛАЙ БОЛУЫНЫҢ НЕГІЗГІ СЕБЕПТЕРІН ҰСЫНАМЫЗ.

Жылына бір квадрат метр жерге 8 грамға дейін шаң-тозаң жинала алады. Тоқыма талшығы, тері бөліктері, бактериялар, тозаң, дала ластығы – мұның барлығы жиналып, үйдің ішінде басылып қалады. Солай ол жерде тозаңды кенелердің көбеюіне қолайлы орта пайда болады. Ал мұндай жәндіктердің нәжісі аллергия, көз ісуін, тері тітіркенуін, жөтел және демікпе шақыртуы мүмкін.

Не істеу керек?

Едендi және жұмсақ жиһаздарды аптасына 2 рет шаңсорғышпен тазалау, шаң сүрту және жапқыштарды жуу керек. Егер аллергик болсаңыз, батыл шаралар жасау керек болады. Яғни, тұтас пердені жалюзиге ауыстыру, барлық кілемдерді алып тастау, кітаптарды жабық шкафқа қою, үйде мақпал ойыншықтар ұстамау қажет.

2. Ас үй булары

Газдың жану кезінде көптеген зиянды заттар, сонымен қатар канцерогенді заттар түзіледі. Ал тамақ әзірлеу кезінде уыт (формальдегид, аммиак және т.б) бөлінеді. Олардың бір бөлігі жиһазға қонса, басқалары ауада қалады.

Не істеу керек?

Ас үйді жиі желдетіп тұру, ас үй сормағын орнату, газ плитасын электр түріне ауыстыру.

3. Зең

Зең барлық жерде бар. Әсіресе, жуынатын бөлмеде көп болады. Жылу мен ылғалдылық – зеңнің көбеюіне арналған қолайлы орта. Олардың көпшілігі саңырауқұлақ уын бөледі. Ол демікпе, тері бөртпесін, асқазанның бұзылуын, бас ауруын және басқа да жағымсыз заттарды шақырады.

Не істеу керек?

Желдету жүйесін реттеу, үйдің ішінде шамамен 40% ылғалдылық деңгейін ұстау, душқа арналған жапқышты жуып тұру, үй бөлмелерінде жуылған киімдерді кептірмеу керек.

4. Темекі түтіні

Темекінің зияны тек оны тартатындарға емес, басқаларға да әсерін береді. Түтін киімге, жиһазға, жапқышқа және кілемге сіңіп кетеді.



Сондықтан үйде темекі тартатын бір адам болса, оның зияны жанындағыларға да әсер етеді.

Не істеу керек?

Үйдің ішінде темекі тартпау, барлық киімдерді жуып тұру, ауаны темекі түтінінен тазартатын құрал қою керек. Әрине, ең дұрысы – бұл зиянды әдеттен бас тарту.

5. Үй жануарлары

Сүйікті үй жануарларыңыздың жүні мен тері бөліктері үйге түсіп, шаңның мөлшерін көбейтіп, аллергия шақыртады.

Не істеу керек?

Үй жануарын тарап тұру және үйді де жиі жинап отыру қажет.

6. Тұрмыстық химия

Улы тұрмыстық химиямен үй жинау адам өкпесіне темекіден де жаман әсер етеді. Химиялық құралмен үй жинау кезінде бетіңізге маска кигеннің өзі де толықтай көмектеспейді. Жуатын құралдардың бөліктері жиһаздарда және ауада қалып қояды.

Не істеу керек?

Ғалымдар тұрмыстық химия өндірушілерін қаптамада зиянды заттардың бар-жоғын көрсетуіне шақырса да, маркетинг көзімен ол тиімсіз болғандықтан, көп жағдайда көрсетілмейді. Сондықтан, қаптамадан құрамын өзіңіз мұқият оқып алыңыз. Ең зиянды химиялық қосылыстарға мыналар жатады: хлор, хлорорганикалық қосылыс, фосфат, фосфонат, беткі белсенді зат (ПАВ), формальдегид (formaldehyd, methanal, methylene oxide, oxymethylene деп жазылуы мүмкін) және тұзды қышқыл (hydrochloric acid). Тұрмыстық химиялық құрал таңдау кезінде осы айтылған заттардың жоқ немесе аз мөлшерде бар түрін таңдаңыз. Оларды қаптамасында көрсетілген мөлшерден тыс езбеңіз

massaget.kz

Құрылтайшы "АЛМАТЫ-БОЛАШАҚ" АҚ

Баспахана директоры Бақберген ТҮКІБАЕВ

Бас редактор Айтақын БҰЛҒАҚОВ

Редакция алқасы:
Сарби ӘЙТЕНОВА – редактордың орынбасары
Арайлым НҰРЖАПАР – тілші

Кезекші редактор: А. НҰРЖАПАР.

Алатау

Газет Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігінде 2007 жылғы 27 тамызда тіркеліп, № 8639-Г куәлігі берілген.

Газет аптасына бір рет, жұма күні шығады. Жарияланған мақала авторларының пікірлері редакция көзқарасын білдірмейді. Жарнама мен хабарландырулардың мазмұны мен мәтініне жарнама беруші жауапты.

Газет Талдықорған қаласы, Қабанбай батыр көшесі, 32 үйде "Алматы-Болашақ" АҚ филиалы "Офсет" баспаханасында басылады.

Редакция мекенжайы: 040000, Талдықорған қаласы, Қабанбай батыр көшесі, 32-үй, екінші қабат.

Телефондары: 8(7282) 41-11-70, 41-11-42;
E-mail: alatau_offset@mail. ru, www.alatau.kz@mail. ru
Сайты: alatau_gazeti

Газет 07.08.2000 жылдан бастап шығады.

Таралымы 3554
Тапсырыс № 50
Индекс 15534